



ПРЕЗИДЕНТ ВОЛКАН БОЗКЫРМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақстан Президенті БҰҰ Бас Ассамблеясының төрағасы Волкан Бозқырмен кездесу өткізді. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы ынтымақтастықтың басым бағыттары талқыланды. Пандемияға қарсы күрестегі бірлескен іс-қимылдарға, сондай-ақ өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының төрағасы Волкан Бозқырдың Қазақстан мен аймаққа жасаған сапары Орталық Азияның рөлі артып келе жатқанын көрсететінін атап өтті.

– Орталық Азияда болып жатқан ахуалды бағалау тұрғысынан Сіздің бұл сапарыңыз аса маңызды. Аталған аймақ жаһандық саясат аясында зор маңызға ие болып келе жатыр. Өзіңізді БҰҰ Бас Ассамблеясының сайланған төрағасы ретінде көргеніме қуаныштымын. Сіздің осы жауапты әрі маңызды миссияңыз табысты болады деп ойлаймын. Біз Біріккен Ұлттар Ұйымын мультилатерализмнің дінгегі ретінде қарастырамыз.



Қазақстан БҰҰ-ның мақсаттарын толық қолдайды. Ассамблея Сіздің дана басшылығыңызбен ұйымның мақсатына қол жеткізуіне, әсіресе қалыпты өмірдің барлық саласына әсер еткен пандемияның теріс салдары кезінде елеулі үлес қосады, – делі Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы халықаралық

қоғамдастықтың пандемия салдарына қарсы күресте жұдырықтай жұмылуы қажет деп санайды.

Волкан Бозқыр Қасым-Жомарт Тоқаевқа жылы қабылдағаны үшін алғыс айтып, Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне төрағалығының қорытындылары, сондай-ақ Сирия қақтығысын рет-

теу үшін жүргізген жұмыстарын жоғары бағалады.

– Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының жұмысына өте белсенді атсалысады. Сіз БҰҰ жүйесінде көп жыл жұмыс істедіңіз. Тәжірибеніз мол. Елдің басшылығы да ұйыммен белсенді ықпалдастық жасайды. Қазақстанның Сирия қақтығысын

Астана процесі ретінде белгілі бейбіт жолмен реттеуге қосқан үлесін қолдаймын, – делі БҰҰ Бас Ассамблеясының төрағасы.

Сонымен қатар әңгімелесу барысында Ауғанстандағы ахуалға байланысты өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелері де сөз болды.



Тыйым көбейсе, тұтынушы азая ма?

Елімізде 1 шілдеден бастап дүкен сөрелерінде темекіні қоюға тыйым салынды. Жаңа ереже бойынша, сауда орындарында темекі өнімдерін ашықтан-ашық қоюға, жарнамалауға болмайды. Оның орнына ақ параққа ешқандай суретсіз шылымның тізімі ғана жазылады. Бұл шектеу темекіге әуес адамдардың санын қысқарту үшін қабылданып жатқаны белгілі. Десек те, бұл бастама нәтиже бере ме, жоқ па? Ол жағы белгісіздеу болып тұр. Шындығында, көпшілік темекіден бас тарту үшін қандай амалға көшкен жөн?

2»

Кедейміз! Басқа не дейміз?..



Қазақстан халқы тағы да кедейлене түсті. Мысалы, елімізде табысы ең төменгі күнкөрістен де нашар халықтың саны тек 1996 жылдан бастап есепке алынып келеді. Сол кезде кедейлік шегінде өмір сүргендердің үлесі 34,6 пайыз болса, қазір былтырғыдан 4,5 пайызға артып отыр. Еске сала кетсек, 2020 жылы корона-вирус пандемиясының Қазақстанға әсеріне талдау жасаған Дүниежүзілік банк «Дағдарысты еңсеру» атты есебінде біздегі кедейлердің 2 миллион 373 мың адамға жеткенін мәлімдеген еді.

4»

Жалғызбасты әкелердің тағдыры ешкімді толғандырмай ма?

Жалғызбасты әке. Құлаққа түрпідей тиетін осы тіркес «жалғызбасты ана» деген сөзге қарағанда тым сирек қолданылғанымен, балаларын жалғыз тәрбиелеп отырған әкелер – бүгінгі қоғамның шындығы. Тағдырдың тәлкегіне ұшыраған олар өз міндеттерін қалай атқарып отыр? Мемлекет тарапынан қандай көмек көрсетіледі? Қандай санатқа жатқызылған? Жеңілдіктер бар ма?



7»

Тегін оқудың құны жоқ па?

Қазақ қоғамында жастар әлі күнге дейін заңгер, экономика мамандықтарын таңдаудан танбай келеді. Мысалы, ауыл шаруашылығы саласының мамандықтары бойынша гранттар саны артылып қалып жатыр. Ал оған талапкерлер «мың салса, бір баспайды». Сол себепті бұл салаға бөлінген гранттарды қайта қайтаруға мәжбүрміз.

Екі жыл бұрын елдегі жоғары оқу орындарына 54 мыңға жуық грант берілсе, оның 4 мыңға жуығы игерілмей қалған. Бұдан бөлек, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға қосымша тағы 5 мың грант бөлінген.

6»



Ашық трансформаторлар – ажал ошағы, қоршалмай жатпақ қашанғы?



Бүгінде Жамбыл облысы аумағында 144 ашық мақан трансформатор бар. Оның маңайында ойнап жүріп от басқан бала да, тоққа түскен ересек те аз емес. Жұрт білсе де, оған жауапты адамдар қайда қарап отыр?

– Ата-ана болғандықтан, балаларымыз үшін алаңдайтынмыз анық. Себебі ашық жатқан трансформатор кез келген тірі жан иесіне қауіпті. Қанша айтсақ та, ойын баласы ұмытып кетеді. Кейде тал түсте, кейде кешқұрым балалар сол маңайдан қорғасын іздеп, болмаса өрмелеп ойнап, өріп жүреді. Қайбір жылдары ауылдың ер-азаматтары сым қоршаумен қоршап тастаған болатын. Кейін ол да ашылып қалды. Негізінде, мұндай трансформаторлар ашық жатпауы тиіс емес пе? Оқыс жағдай болса, оған кім жауап береді? Адам шығыны болса, мың жерден жауап берсе де үзілген өмірді жалғай алмайды ғой. Жергілікті әкімдіктерілерге де бұл мәселені қанша айтқан болатынбыз. Айтылған сөз сол жерде қалып кетеді. Кейбіреулері «Балаларыңызға ескертіп отырыңыздар» деп өзімізге ақыл айтады.


5»

Тілсіз жаудың құрбаны көбейді

Бұрыннан от пен суды тілсіз жауға тели-тініміз бекер емес. Шындығы сол соңғы жылдары өрт құшып, суға кетіп, қаза тапқандар жайлы жиі-жиі еститін болдық. Құтқарушылар жыл сайын қауіпсіздік ережелерін айтып, әбігер болғанымен, тыңдап жатқан құлақ жоқ. Өкінішке қарай, суға түсем деп ажал құшқан азаматтардың саны тоқтаусыз өсіп барады. Неге?

ҚАУІПСІЗДІК ҰМЫТ ҚАЛҒАНДАЙ

Судағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жайы тікелей Төтенше жағдайлар министрлігінің негізгі міндеті мен қузырына енеді. Осы мақсатта Полиция департаментімен және жергілікті атқарушы органдар бірлесіп жыл сайын түрлі іс-шара атқаратынын білеміз.



8»

СЕНАТОРЛАР ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА ДАЙЫН

Кеше Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев БҰҰ Бас Ассамблеясы 75-сессиясының төрағасы Волкан Бозқырды қабылдап, Қазақстанның БҰҰ және оның құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл мәселелерін талқылады.

Екіжақты кездесу барысында Сенат Спикері Біріккен Ұлттар Ұйымымен өзара тығыз байланыс орнату Қазақстанның сыртқы саясатындағы басым бағыттардың бірі екенін, қазір елімізде ұйым бөлімшелерінің 27 өкілдігі жұмыс істейтін жеткізді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде іске асырылып жатқан маңызды саяси және демократиялық реформаларға егжей-тегжейлі сөз болған кездесуде БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарын іске асыру мәселелері де талқыланды. Сенат Төрағасы-

ның айтуынша, биылғы жылдың басында бұл мақсаттардың индикаторларын ұлттық мүддеге сәйкестендіру аяқталған. Басым міндеттердің шамамен 80 пайызы еліміздің стратегиялық жоспарлау құжаттарына сай интеграцияланған. Осы мақсаттарды іске асыруда Парламент депутаттарының айрықша рөлін атап өткен Мәулен Әшімбаев:


«Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуде ұлттық Парламенттердің маңызы аса зор. Депутаттар тиісті заңдарды қабылдай отырып, көзделген міндеттерді орындауды қамтамасыз етеді. Осы ретте

Қазақстан сенаторлары тұрақты даму мақсаттарын іске асыру жолында ынтымақтасуға және ықпалдасуға дайын екенін жеткізгім келеді», — деді.

Кездесу соңында Сенат Төрағасы БҰҰ Бас Ассамблеясының Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күніне арналған дәстүрлі пленарлық отырысын өткізу жоспарға енгізілгені үшін мейманға ризашылығын білдіріп, еліміз үшін бұл күн ерекше мән беретінін айтты. Сондай-ақ ол 29 тамыз Семей полигонының ресми түрде жабылған күні Қазақстан үшін ғана емес, барша адамзат тарихы үшін үлкен маңызға ие дата саналатынын тілге тиек етті.

Ж.МУСЫМ

Тағы да екі университет лицензиядан айырылды



Шымкент қаласының екі жоғары оқу орны бас лицензиясынан қағылды. Олар — бұрынғы Silkway халықаралық университеті, қазіргі «Орда» және «Мирас» жоғары оқу орны.

Быттыр екі университетті тексеру барысында білім беру саласындағы заңнаманы өрескел бұзғаны анықталды. Сол кезде білім беру ошақтарының қызметі тоқтатылып, оларға анықталған бұзушылықтарды жоюға уақыт берілген. Алайда жоғары оқу орындары қателіктермен жұмыс жүргізбей, 8 ай комитеттің лицензияны тоқтата тұру туралы шешіміне шағымданумен айналысқан. Бірақ соңында сот комитеттің шешімін өз күшінде қалдыру туралы шешім шығарылып, университеттің көптеген шағымы қанағаттандырылмады. Енді Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының шешімімен екі

университет лицензиясынан айырылды.

Оқу орындарына жүргізілген тексеру қорытындысы бойынша, кадрларды даярлау сапасы кемшіліктерге толы болған. Мысалы, «Орда» университетінде оқытандардың 97%-ы шекті бадан өтпеген және оқу процесінде алынған білім мен құзыреттердің жеткілікті деңгейін растай алмады. Екі университетте де кестеге сәйкес жаппай сабақ өткізбеу фактілері анықталған. Ағымдағы бағалар қойылмаған, бекітілген кестеге сәйкес емтихандар өткізілмеген, пәндер толық көлемде оқытылмаған. Тиісті 5 кредиттің орнына тек 3 кредит игеріліпті. Барлық пән оқу-әдістемелік материалдары толық

қамтамасыз етілмеген. Оқытушылардың бекітілген педагогикалық жүктемесі мен оның нақты орындалуы арасында үлкен айырмашылықтар белгілі болып отыр. Яғни, оқытушыда жүктемеде белгілі бір пән бойынша дәріс оқу жоспарланғанымен, іс жүзінде студенттер білім алмаған. БҒМ білім және ғылым саласындағы Сапаны қамтамасыз ету комитетінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы бақылау басқармасының басшысы Эльвира Сапарбекованың айтуынша, Тәуелсіз білім беру сапасын қамтамасыз ету агенттігі де бұл жоғары оқу орындарын аккредитеуді тоқтатты. Ендігі жерде екі университеттің түлектерге беретін дипломы заңсыз болып саналады.

М.ЖАДЫРА



Жарты жылда 7 әкім жемқорлықпен ұсталған

Биыл 6 ай ішінде жемқорлық фактісі бойынша 658 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Оның 61-і — республикалық және облыстық деңгейдегі басшылар.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Марат Ахметжанов ведомствоның алқа мәжілісінде осындай деректер келтіріп: «Статистика сыбайлас

жемқорлық қылмыстарын тіркеудің 35%-ға немесе 1 540-тан 1 005-ке дейін төмендегенін көрсетеді. Сонымен қатар жылдың 6 айында 658 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Олардың 61-і республикалық және облыстық деңгейдегі басшы және вице-министр, 3 судья. Жеті өңірлік әкім мен олардың орынбасарлары әшкереленді», — деді сыбайлас жемқорлыққа қарсы қыз-

мет басшысы. Айтуынша, осындай заңсыз әрекеттерден келген залалдың 15 млрд теңгесі қазынаға қайтарылған. Сондай-ақ 6 айдың ішінде бизнестің жұмысына орынсыз килігудің 60 жағдайы, көлеңкелі экономика субъектілеріне қамқорлық жасаудың 45 фактісі, жүйелі сыбайлас жемқорлықтың 61 фактісі тіркелген.

М.БАҚЫТЖАН

30 миллионға сатып алмақ болған

Батыс Қазақстан облысы Қазталов ауданының әкімдігі 5 миллион теңгенің пәтерін 30 миллионға сатып алмақ болған. Бұл туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Марат Ахметжанов айтты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп конкурстық сатып алу бағаларына мониторинг пен талдау жүргізген. Қорытындысында біршама түсініксіз жайтқа тап болған. Мысалы, Батыс Қазақстан облысы Қазталов ауданының әкімдігі ауданы 40-тан 60 шаршы метрге дейінгі пәтерді 30 млн теңгеге сатып алуды жоспарлаған.

«Мұндай баға тіпті елордада да болмаған. Біздің ұсынысымыз бойынша баға 6 есеге (5 млн теңге) түсірілді», — деді Марат Ахметжанов.

Агенттігі төрағасының айтуынша, бағаны бұлайша қолдан көтеру келісілген параны өтеу үшін қолданылуы мүмкін.

«Өткен жылы бағаны асырып көрсетудің шығындары 40 млрд



болса, биыл жарты жылдың өзінде 36 млрд теңгенің алшақтығы анықталып отыр. Іс жүзінде бұл проблемалық сигнал. Бағаны

көтеру — пара алу және қайтарудың алғашқы қадамы», — деді Марат Ахметжанов.

М.ҚАЙРАТ

Тыйым көбейсе, тұтынушы азая ма?

Елімізде 1 шілдеден бастап дүкен сөрелерінде темекіні қоюға тыйым салынды. Жаңа ереже бойынша, сауда орындарында темекі өнімдерін ашықтан-ашық қоюға, жарнамалауға болмайды. Оның орнына ақ параққа ешқандай суретсіз шылымның тізімі ғана жазылады. Бұл шектеу темекіге әуес адамдардың санын қысқарту үшін қабылданып жатқаны белгілі. Десе де, бұл бастама нәтиже бере ме, жоқ па? Ол жағы белгісіздеу болып тұр. Шындығында, көпшілік темекіден бас тарту үшін қандай амалға көшкен жөн?

Мадияр ТӨЛЕУ

БАҒАНЫ КӨТЕРУ БАС ТАРТУҒА СЕБЕП ПЕ?

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекске енгізілген өзгерістерде қоршап алу темекіден бөлек, қорқарға арналған темекіні, қорқарға қоспасын, темекіні қыздыратын құралдарды да сөреге қоюға болмайды. Сатылатын темекі өнімдерінің тізімі мен бағасы қазақ алфавит бойынша жазылып, ілінгіп тұрмақ. Ілінетін қағаздың көлеміне де шектеу бар. 40x30 сантиметрден аспауы тиіс. Суретке де тыйым салынған. Сауда нысанына келген тұтынушы тізімді көріп, қажетті өнімді сұраса ғана көрсетуге рұқсат. Негізі, бұлай дүрлігіп, темекіге қатысты шектеулерді нығайту әрекеті де бекер емес. Қазір шылым тартатын жандар әлемнің мәселесіне айналды. Мысалы, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының соңғы деректеріне сенсек, қазір жер шарында 1 млрд-тан астам адам тұрақты түрде темекі шегеді. Темекі тұтынушылар жылына 5,7 млрд дана темекі пайдаланып, 1 млн тонна түкел тастайды екен. Бұған қарап оның адам денсаулығына ғана емес, қоршаған ортаға да зияны орасан екенін аңғарамыз. Айтпақшы, жыл

сайын темекі кем дегенде 8 миллион адамның өмірін қияды. Бұл статистиканы кеміту мақсатында әлем елдері түрлі шара қолданып келеді. Қазақстан да реті келсе, шылым шегуге қатысты шектеулерді көбейтіп, бағасын көтеріп жатыр. Баға демекші, Дүниежүзілік банк Қазақстанда темекі бағасы төмен екенін талайdan бері мәлімдеп жүр.

Соның әсері ме, елімізде темекі бағасы соңғы жылдары жиі көтерілді. Быттыр қарашада бір қоршап шылымның орташа бағасы 470 теңге болған. қазір бұл құнға темекі сатып ала алмайсыз. Осы күні ең арзан темекінің бағасы 530 теңгеге жетті. Оған қоса, осылай жыл санап өзгеріс бермек. Өйткені быттыр Қаржы министрлігі тиісті қаулыға өзгеріс енгізген еді. Жобаға назар салсақ, баға 2021 жылы 1 қаңтарда — 500 теңгеге, 2022 жылдың 1 қаңтарда — 550 теңгеге, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап 600 теңгеге қымбаттауы тиіс екен. Темекі құнын еселеп көтеру жайы осы кезеге дейін Үкіметте бірнеше рет айтылды. Шылым шегуге қарсы түрлі қоғамдық ұйым да пікірді құптап отыр. Ал бізді толғандырғаны, шектеулер мен бағаны өсіру халықты темекіден бас тартуға итермелей ала ма?

Баға мәселесін, әсіресе «Темекі түтіннен азат Қазақстан үшін»



ұлттық коалициясы жиі көтеріп жүр. Одақ «ел тұрғындары темекі бағасын көтерсе, мәжбүрліктен бас тартар еді» деген пікірді көп айтады. Өйткені бізде бір қоршап темекінің бағасы 1 доллардан сәл асады. Ал шетелде баға мүлде басқаша. Мәселен, Еуропа елдерінде темекінің бір қорабы шамамен 5 мың теңгеге, Жаңа Зеландияда 14 мың теңгеге сатылады. Адамдардың темекі тартуын тастауға көбіне мемлекеттік шаралар ықпал ете алатын көрінеді. Одан кейін адам өзін тәрбиелемек. Ол үшін психотерапевтің көмегіне жүгінген жөн. Ересектер мен жасөспірімдерге темекі сыртындағы қорқынышты суретпен ғана бағыт бермей, лайықты іс-шара жүру керек екен. Мұнда да ақпараттық қолдау маңызды. Коалицияның дәйегіне, темекі шегетін адамдардың 18 пайызы өз жігерінің арқасында 1 күнде тастай алады. Ал 20 пайызына психотерапевтің көмегі қажет болады. Дегенмен құмарлықтан айыға қою оңайға түспейтін

тәрізді. Себебі темекі қолжетімсіз бола бастаған сайын адамдар түрлі заңсыздыққа баруы мүмкін.

ЗАҢСЫЗДЫҚ КӨБЕЙМЕЙ МЕ?

Негізі, темекі өнімдеріне қатысты шектеу енгізу 2019 жылы да айтылған болатын. Сол жылы Денсаулық сақтау министрлігі мен кәсіпкерлер бірлестігімен Бизнес өкілдері өздерінің шығынға батып, ессене контрафактілік темекінің мөлшері артаатынын ескерткен болатын. АС Nielsen мәліметтері бойынша, 2018 жылы Қазақстандағы контрафактілік өнім үлесі шамамен 1,8-2 пайызды құраған. Осылай мемлекеттік бюджет салық түрінде түсетін 1,9 млрд теңге қаржыдан айырылып қалған екен. Яғни, темекіні жайғастыруға тығын салу сатушы сөресіне тығып сататын контрафактілік өнімнің түсу ықтималдығын арттыруға да мүмкін-ақ. Бұдан бөлек, 2019 жылы өлемнің 58 елінде темекіге қатысты шектеулер енгізу мәселесі

қозғалғанда түрлі пікірталас туындаған. Кейбір сарапшы никотинді аз мөлшердегі темекі халыққа қолжетімсіз бола бастаған сайын кей адамдар құмарын қандыру үшін басқа жолдар іздейтіні айтылған. Мысалы, темекіні қолдан жасауға ұмтылып, есірткі тұтынып, желім иіскеу тәрізді түрлі амалға барса да таңғалмайсыз. Қош, бірақ елімізде шылымның кесірінен көз жұматын жандар саны әлі азаймай келеді.


ӨЛІМ ДЕНГЕЙІ

Ресми мәліметтерге сенсек, 2020 жылы Қазақстанда темекі кесірінен 161,3 мың адам қаза тапқан екен. 2019 жылмен салыстырғанда 21 пайызға артқан. Оның 14 пайызы, яғни, 23 мың тыныс алу жолдарының ауруларынан көз жұмған. Бұл ретте шылым өкпенің қатерлі ісігін жылдан тудыратын зиянды дүние екенін ұмытпаған абзал. Быттыр елімізде 14 150 адам қатерлі ісіктен көз жұмған. Оның 16,4 пайызы өкпе обырымен ауырған екен. Бірақ олардың қанша пайызы бұл дертке темекінің өсерінен шалдыққаны жайлы ақпарат жоқ. Бірақ дәрігерлер өкпенің қатерлі ісігі жағдайында көп адамның темекі тұтынып келгенін анықтайтынға ұқсайды.

— Темекі шегетін адам демігелі, тыныс жолдарынан қақырық бөлінеді, қан айналымы нашарлап, салдарынан ағза жасушаларына қорек дұрыс бармайды. Никотин — жүрек-қан тамыры жүйесінің ауруларын тудырады, ас қорыту функциясы, көру қабілеті нашарлайды. Тіс эмальінде қатты және жұмсақ тастар түзіледі. Қалқанша безінің қызметі нашарлап, әйелдердің репродуктивті қабілеті тө-

мендейді. Жүйке жүйесі бұзылып, күш-жігер азаяды, тез шаршау пайда болады. Онкологиялық аурулар қаупін жоғарылатады. Тіпті, генетикалық ауытқуларға алып келуі мүмкін. Шылым шегушілер өкпе рагынан 6-9 есе жиірек өледі. Жүрек аурулары да 2-3 есе жоғары. Бетті тез әжім басады. Шылым шегетін адам бас тартқысы келсе, өзіне берген уәдесінде тұруға үйренуі тиіс. Стрестен темекі арқылы емес, салауатты өмір салты арқылы арылған абзал, — дейді психиатр-нарколог Татьяна Евтушенко.

Ал Қазақстан аумағында темекі өндіретін екі алып компания бар. Philip Morris International және Japan Tobacco International транснационал компаниялары. Мәселен, еліміздің ішкі нарығының 40 пайызға жуығын қамтитын Japan Tobacco International Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғыз Республикасы мен Моңғолия тәрізді елдерге миллиардтаған тонна темекі жөнелтеді. 2016 жылы Қазақстан өзге елдерге 7,7 млрд тонна шылым тасымалдаған. Бірақ біздегі темекі өндірушілер 2012 жылдан бері жыл сайын өндірілетін темекінің көлемін азайтып отырған. Алайда быттыр 10 пайызға қайта көтеріпті. Ал елімізге быттыр 3 млрд тонна темекі мен папирос келінген. Бұл сандарға қарап, ел аумағында темекіге әуес адамдар саны көп пе дерсек, 2020 жылдың мамырында Статистика комитеті алғаш рет ересектер арасында темекі тұтыну туралы сауалнама жүргізген. Сауалнамаға 5,5 млн адам қатысып, қорытындысы бойынша, олардың шамамен 21,9 пайызы тұрақты шылым шегетін болған. Бұдан бөлек, соңғы жылдары электронды темекі шегетін жастардың қарасы көбейгенін айтып, мамандар дабыл қағып жүр. Демек, түтінге құмартқандар қоғам үшін расымен мәселеге айналып барады.



«Nur Otan»-да оффлайн оқу шаралары талқыланды

Жаңа оқу жылын ұйымдастырудың өзекті мәселелері «Nur Otan» партиясы жанындағы Білім мен ғылымды дамыту жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің отырысында талқыланды.

Кеңес төрағасы, Парламент Мәжілісінің депутаты Жұлдыз Сүлейменова бүгінде білім беру саласындағы басым міндеттердің бірі – оффлайн оқуға оралу екенін, бірақ ол барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтай отырып орындалуы тиістігін атап өтті.

Мәжіліс барысында бас мемлекеттік санитарлық дәрігер Ерлан Қиясов хабарлағандай, педагогтер мен қызметкерлерді 100% вакциналаумен қамтамасыз еткенде ғана мектептер дестүрлі оқыту форматына көше алады.

«Мектептердегі сақтық шаралары бұқаралық іс-шараларды өткізуге тыйым салуды, сыныптарды бөлуді және әртүрлі сыныптар үшін үзіліс уақытын бөлуді, асханада тамақтану барысына бақылауды күшейтуді қамтиды. Жоғары

оқу орындарына келсек, 18 жастан асқан студенттер де вакциналануы немесе қашықтан оқытуға ауыстырылуы тиіс», – деді Ерлан Қиясов.

Кеңес мүшесі, «Республикалық физика-математика мектебі» КЕАК басқарма төрағасы Ғабит Бекахметов оқушыларды бастауыш, орта және жоғары мектеп блоктарына бөлуді ұсынды. Коронавирус анықталған жағдайда, карантинге бүкіл мектеп емес, нақты блок жабылады.

«Білім беру мекемелерінің басшыларына оқушыларды физикалық түрде бөлуге қатысты нақты ұсыныс беру қажет. Мәселен, олардың үзіліске шығатын уақыты ғана емес, әр блокта сабақ басталатын және аяқталатын уақыт та әртүрлі болғаны жөн», – деді Ғабит Бекахметов.

Кеңес мүшесі, Алматы мемлекеттік энергетика және электрондық технологиялар колледжінің директоры Төлеуғали Тайтулеев қоғамдық көліктерде бақылауды күшейту қажет деп санайды. Себебі оқушылар мен педагогтер вирусты нақ осы қоғамдық көліктерде жұқтыру қаупі жоғары.

Өз кезегінде Білім және ғылым вице-министрі Шолпан Каринова 1 қыркүйектен бастап елімізде 7 475 мектепті ашу жоспарланып отырғанын жеткізді. Сондай-ақ ол «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын орындауға арналған Жол картасы аясында биыл 200 мектеп салу және 1 000 мектепті жанарту міндеті тұрғанын атап өтті.

«289 мекемеге күрделі жөндеу жүргізу, бірқатар мектепте жиһаз жанарту, жаңа пәндік сынып ашу, кітапханалар мен асханаларды жаңғырту жоспарланған», – деді Шолпан Каринова.

Отырыс қорытындысы бойынша Білім және ғылым министрлігіне оқушылардың ұзақ уақыт онлайн форматта оқуына байланысты орын алған олқылықтарды талдау және олардың орнын толтыру үшін кешенді бағдарлама қабылдауға қатысты бірқатар ұсыным әзірленді. Сонымен қатар Кеңес мүшелері педагогтердің тапшылығын техникалық мамандарды тарту арқылы шешуді ұсынды.

Ерке ЕРҚОҢЫР

Қайта жаңғырған кәсіпорындар



Мәжіліс депутаттары алғашқы демалыстарының бастапқы күндерін өздеріне сенім артқан өңірлердің бүгінгі әлеуметтік-экономикалық жағдайымен танысуға арнады. Жетісу аймағына арнайы сапармен келген халық қалаулылары Д.Әлімбаев, Ә.Әбсеметова, М.Тәжмағамбетова, А.Құспан, Ж.Әшімжан, Ж.Тельяковбаевтар Талдықорған қаласы маңындағы Көксу ауданындағы өндіріс орындарына бір күндерін арнаған соң, Ақсу ауданына ат басын бұрып, осындағы қант зауытының алдағы маусымға дайындығын байқап, болашаққа бағытталған жоспарларымен танысты.

Олар бірінші кезекте «Nur Otan» партиясы Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Г.Тойлыбаева, «Жетісу әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» өңірлік даму институты» акционерлік қоғамы басқарма басшысының орынбасары А.Рахимов, Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Ф.Есжанов, Ақсу Кант ЖШС директоры С.Нәдірбаевтардың бастауымен, аудандық мәслихат депутаттары, кәсіпкерлік бөлімі қызметкерлерінің қостауымен кәсіпорынның қазіргі жай-күйіне барына назар аударуға тырысты.

«Ақсу» қант зауыты – кезінде дүрілдеп тұрған, содан кейін біраз жыл қолдан-қолға өтіп, тағдыры тығырыққа тірелген кезде мемлекеттік қолдаудың арқасында қайтадан қалпына келтірілген еліміздегі қант өндірісі саласындағы жетекші кәсіпорынның бірі. Жаңғыртып, қайта жабдықтау барысында кәсіпорында бірқатар жаңа желі іске қосылды. Ең басты ерекшелігі – барлық өндірістік желілер автоматтандырылған. Соның арқасында өндірістік шығындар біршама азайып, электр қуатын үнемдеуге мүмкіндік туды. Өнім сапасы да жақсара түскен. Сонымен бірге он шақты жыл бойы

өсірген тәтті түбірлі шалғайдағы «Көксу» қант зауытына тасымалдап, қосымша шығынға бататын, апталап кезекте тұратын Ақсу, Сарқан, Алақол аудандарындағы дикандарға жақсы болды. Күзде жинаған өнімдерін шашпай-төкпей жақын жердегі кәсіпорынға өткізу шаруалардың қант қызылшанын өсіруге қатысты үзілуге айналған үміттерін қайта тұтатып, ынталарын арттырды. Соған сай аталған аудандарда қант қызылшасын өсіретін алқаптар соңғы жылдары шамалап болса да арта түскен.

Мәжіліс депутаттары бірінші кезекте осындай алып өндіріс орнының арқасында жергілікті тұрғындардың жұмыспен қамтылуына, аудан экономикасының еңсе тіктегеніне қуанды. Кәсіпорынның заманауи технологияға біртіндеп көше бастағаны да көңілге сенім ұялатты. Зауытта қазір жабдықтың 80%-ы ауыстырылып, толығымен автоматтанды. Маусым кезінде зауытта 400-ден астам адам жұмыс істейді. Ал осы санға үш аудандағы қант қызылшасын өсіруге жұмылатын жұртты қоссаң, мыңдаған адамның осы бір ғана ірі кәсіпорынның арқасында бала-шағасының нәпакасын айырып отырғанын аңғаруға болады.

Серіктестіктің бас директоры Самат Нәдірбаевтың айтуынша, зауыттың өндірістік қуаты 14 % қант шығысымен бір маусымда 550 000 тонна қант қызылшасын өңдеуге негізделген. Былтыр кәсіпорында қант қызылшасының сығымдағыш бөлімі іске қосылып, қант қызылшасының сығымдысынан аса жұғымды мал азығы ретіндегі жем өндуге жолға қойылыпты. Соның арқасында бүгінде үлкен сұранысқа ие болып отырған, құны алға жылжыған жылдармен бірге аспандап бара жатқан жем-шөп нарығында жаңа өнім – сығымдалып, орамдалған жем шығара бастапты. Алдағы кезге жоспар жүзеге асса, қант зауыты маусымаралық үзіліс кезінде қамыс өңдеп, жыл бойы жұмыс істеуге көшуі де мүмкін.

Зауыт және аудан басшылығы «Nur Otan» партиясының депутаттық фракция мүшелеріне тұрғындарды толғандыратын, өздерін де алаңдатып отырған, әлі күнге шешімін таппай отырған бірқатар күрделі мәселе туралы айтып, тиісті орындарға жеткізіп, қозғау салуды өтінді. Олардың қатарында Ақсу, Бүйен өзендеріне су қоймасының қажеті, ирригацияны жүргізу мәселесі, аудандық аурухананы заманауи медициналық құралмен жабдықтаудағы кемшін тұстары және тағы басқа да проблемасы бар. Мәжіліс депутаттары айтылған өтініштерді назарға алатындарын, мүмкіндігінше шешуге ықпал етуге тырысатындарын айтты.

Болат АБАҒАН,
Алматы облысы

Аралдың тыныс-тіршілігімен танысып қайтты

Мәжіліс төрағасының орынбасары Балайым Кесебаева және Мәжіліс депутаттары Ғалым Әміреев, Бақытбек Смағұл, Геннадий Шиповских, Берік Дүйсенбиев жұмыс сапарымен Қызылорда облысы Арал ауданында болды. Халық қалаулылары аудандағы әлеуметтік және өндірістік нысандардың жұмыстарымен танысып, қуаңшылықтан шығу жолдарын қарастырды.

Арал өңіріне келген депутаттар «Nur Otan» партиясының фракция мүшелерімен және аудан кәсіпкерлерімен кездесіп, өңірдегі өзекті мәселелерді талқылап, ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Өңір кәсіпкерлері аудандағы қуаңшылық жағдайы, пандемияның кәсіпкерлердің жұмысына кедергі келтіргені секілді мәселелерді депутаттардың назарына ұсынды.

Мәжіліс төрағасының орынбасары Балайым Кесебаева «Nur Otan» партиясының Арал аудандық филиалы ғимаратында тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, өздеріне құлақ түрді. Қабылдауға келген тұрғындар мен шаруа қожалық иелері мал шаруашылығына мемлекет тарапынан берілетін субсидия жөнінен қолдау көрсетуді, Сексеуіл кентін газдан-дыруды және Арал қаласының автодрон құрылысын салуға қаржы бөлуге, жұмыссыздық мәселесін шешуге ықпал етуін сұрады. Тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдаған Балайым Кесебаева айтқан жағдайлар назарға алынып, шешілу жолдары қарастырылатынын жеткізді.

Аралдықтармен кездескен халық қалаулылары мұнан соң апатты жағдайдағы «Жазира» балабақшасының ғимаратын көрді. Бұл жерде аудандағы апатты деп танылған «Толқын» және «Жазира» балабақшаларының жағдайы түсіндірілді. Айта кетейік, бұған дейін Арал қаласындағы 3 балабақша апатты деп танылғандықтан, басқа ғимаратқа көшірілген еді. Әлеуметтік маңызы бар нысандарды көзбен көрген мәжілісмендер апатты ғимараттардың жайын шешуге жұмыстанатынын айтты.

Депутаттардың сапары Қамбаш көлінің жағасында жалғасты. Олар демалыс аймағының қазіргі жағдайымен танысты.



Туризмнің төрі болған Қамбаш – облыстағы ең үлкен көл. Аумағы 178 шаршы шақырымды құрайды. Ені – 30, ал жағалау ұзындығы 115 шақырымға дейін созылып жатыр. Ең терең жері – 10 метр. Алайда Қамбаш айдыны соңғы екі жылдан бері тартылып, көлдің су деңгейі жағалаудан 300-400 метрге алшақтап кеткен. Басты себеп – көлге өз мөлшерінде су келмеді. Сырдарияның сиқы жүзде. Бұрын арқырап жатпаса да, арынынан айырыла қоймаған өзен көктем басталғалы ерекше тартылды. Осы мәселені көзбен көрген халық қалаулыларына аудан әкімі қуаңшылыққа байланысты зерделеу жұмыстарының нәтижесі бойынша бірінші кезекте тазалауды және су тоспасын салуды қажет ететін каналдармен қайта қазылатын су ұңғымаларының тізімін арнайы стэнд арқылы таныстырды.

Әрі қарай Мәжіліс депутаттары Қамыстыбас, Бөген, Қаратерең, Жаңақұрылыс елді мекендеріне барып, ауыл халқымен тілдесті. Кездесуде ауыл тұрғындары басты мәселе қуаңшылық, жайылымдық, шабындық жерлерді суландыру,

төрт түлік малға қажетті жемшөп, жол мәселесі қиындық тудырып отырғанын айтты. Сонымен қатар ауылға жаңа балабақша, клуб қажеттілігі тұрғындар тарапынан ұсынылды. Депутаттар қуаңшылық бірінші кезекте назарда тұрған мәселе екенін жеткізіп, жобалар дайындалғанын, соған қажетті қаржы бөлуге ықпал жасап, жағдайды бақылауда ұстайтынын айтты.

Сапар барысында Мәжіліс депутаттары «Бөген-Ақлак» және «Қаратерең Жаңақұрылыс» автожолдарына жүргізіліп жатқан орташа жөндеу жұмыстарымен де танысты. Сондай-ақ «Ақлак» су тоспасымен және «Жалғасбай» балық өңдеу цехының жұмысын көріп, кәсіпкерлердің ұсыныс-пікірін тыңдады. Аралдағы мәселенің мән-жайына қаныққан халық қалаулылары құт тасыған өңірдің одан ары өркендеуіне нақты шаралар қабылданатынын және айтылған ұсыныс-пікірлер Парламент қабырғасында қаралатынын жеткізді.

А.ЖАСАНҰЛЫ

Өзекті мәселелер кезең-кезеңімен іске асып келеді

Қазақтың алтын бесігі саналған ауыл көркейсе, ондағы тұрғындардың да әлеуметтік жағдайы арта түсетіні бесенеден белгілі. Ол бірінші кезекте сол ауылдарды басқарып отырған әкімдерге тікелей байланысты. Бүгінде ауылды жерлерге білікті, білімді жас мамандар лауазымды қызметке тағайындалып жатқанын атап өткен жөн. Бұл да болса халқымыздың «жас келсе іске» деп жастарға ерекше сенім артып отырғанын көрсетеді. Біз осы ретте жас та болса бас болып жүрген Атырау облысы Жылыой ауданы Қосшағыл ауылдық округінің әкімі Саян Жұмабекұлымен сұхбаттасқан болатынбыз.

– Саян Жұмабекұлы, өзіңіз басқарып отырған Қосшағыл ауылдық округінің бүгінгі тыныс-тіршілігі жайында айтып берсеңіз. Мұндағы әлеуметтік-экономикалық жағдай қалай? Ауыл шаруашылығы ауылдың инфрақұрылымын дамыту жолында нендей жұмыстар атқарылып жатыр?

– Қосшағыл ауылдық округінде ауылшілік автомобиль жолдарын жоспарлы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар жол белгілері мен жасанды жол төсемдері орнатылды. Ауыл тұрғындарын таза ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында «Ақбулак» бағдарламасы бойынша пайдалануға берілген сыйымдылығы 1 000 текше метрлік ауызсу айдау стансасы іске қосылды.

2020 жылы Қосшағыл ауылының бас жоспарына сәйкес, жаңа 200 орындық мәдениет үйінің құрылысын салу үшін жобалау-сметалық құжаттары жасакталды. Қазір ауылға жаңа 160 орындық балабақша салу үшін аудандық басшылығына сұраныс берілді. Жоғарыда аталған нысандар салынып, іске қосылған жағдайда 75 жаңа жұмыс орны ашылмақ. Қосшағыл ауылының кіреберісінен бастап ауылдың 10 көшесіне жалпы ұзындығы 7,5 шақырым көше жарығы жүргізілді. Одан бөлек, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде Мұқан Төлебаев көшесінде орналасқан 61 дана РКУ, ЖКУ ескі жарық шамдарын диодты жаңа шамдарға ауыстырды. Сонымен қатар Қосшағыл ауылындағы электр қуаты өте төмен «вокзал», «НПС» және 3 ауылға жаңа КТП-лар орнатып, жаңа электр желісін жүргізу үшін жобалау-сметалық құжаттары жасакталып, мемлекеттік сараптамадан өткізілді. «Тенішевқой» ЖШС қаржылай қолдауымен Орталық Азияның Еуразия қоры іске асыратын «Қоғамдық кеңістіктер» жобасы шеңберінде орталық Бешім ата көшесіндегі «Қосшағыл» мәдениет үйінің төңірегіндегі



міндегі «Бешім ата саябағын жандандыру» шағын жобасы қаржыландыруға ие болды. «Қосшағыл» мәдениет үйі қызметкерлері және ерікті топ мүшелерінің бастауымен бастау алған сабақты жаңғырту және саябаққа сахна салу жұмыстары мерзімінен бұрын аяқталды.

– Ендігі кезекте ауданда шешімін таппай келе жатқан мәселеге тоқталып өтсеңіз. Соның ішінде ауызсу мәселесі қалай шешілетін? Сонымен қатар мемлекеттік бағдарламалар қаншалықты жүзеге асырылуда?

– Өзге өңірлер секілді біздің аймақта әлі де шешімін таппай келе жатқан күрмеулі мәселе баршылық. Атап айтқанда, Қарағай ауылына кірме жол салу, Бешім ата көшесіне тасжол төсеу, Қарағай елді мекеніне ауызсу жүйесін жүргізу, электр кернеуі өте төмен «вокзал», «НПС» және 3 ауылға жаңа КТП-лар орнатып, жаңа электр желісін жүргізу, Қосшағыл ауылына 3 дана және Қарағай елді мекеніне 1 дана кіші аяқ доп алаңдарын салу мәселелері толық шешімін тапқан жоқ. Жыл сайын ауылда балалардың саны артып жатқандықтан, тағы бір 160 орындық балабақша құрылысын салу қажеттілігі туындап отыр. Ауыл ішіндегі 2 зиратты қоршау да негізгі күн тәртібінде тұрған мәселе.

Қосшағыл ауылында жаздың маусым, шілде, тамыз және қыркүйек айларында ауызсу көлемі аз берілгендіктен, ауыл тұрғындары ауылға кірме жол салу, Бешім ата көшесіне тасжол төсеу, Қарағай елді мекеніне ауызсу жүйесін жүргізу, электр кернеуі өте төмен «вокзал», «НПС» және 3 ауылға жаңа КТП-лар орнатып, жаңа электр желісін жүргізу, Қосшағыл ауылына 3 дана және Қарағай елді мекеніне 1 дана кіші аяқ доп алаңдарын салу мәселелері толық шешімін тапқан жоқ. Жыл сайын ауылда балалардың саны артып жатқандықтан, тағы бір 160 орындық балабақша құрылысын салу қажеттілігі туындап отыр. Ауыл ішіндегі 2 зиратты қоршау да негізгі күн тәртібінде тұрған мәселе.

Ауыл болған соң, оның мұңмұқтажы болатыны анық. Шүкір, жыл өткен сайын ауылымызда көп мәселелер өз шешімін тауып келеді. Қаржы мәселесі шешілсе, бұл жұмыстар да шешімін табатын болады. Әр қазақтың жүрегінде бөітұрмадай жатпалған қасиетті ұғым ауыл десек, оны көркейту – әр азаматтың парызы. Сол жолда бізде Қосшағыл ауылдық округінің болашағын жарқын, ертеңін айқын етуге бар күш-жігерімізді саламыз.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Әбілмансұр ЖАСАН

Кедейміз! Басқа не дейміз?..

Қазақстан халқы тағы да кедейлене түсті. Мысалы, елімізде табысы ең төменгі күнкөрістен де нашар халықтың саны тек 1996 жылдан бастап есепке алынып келеді. Сол кезде кедейлік шегінде өмір сүргендердің үлесі 34,6 пайыз болса, қазір былтырғыдан 4,5 пайызға артып отыр. Еске сала кетсек, 2020 жылы коронавирус пандемиясының Қазақстанға әсеріне талдау жасаған Дүниежүзілік банк «Дағдарысты өңсеру» атты есебінде біздегі кедейлердің 2 миллион 373 мың адамға жеткенін мәлімдеген еді.

Еркеғали БЕЙСЕН

ТАБЫС ТАМАҚ АЛУДАН АРТЫЛМАЙДЫ

Жалпы, Тәуелсіз Қазақстан тарихында тұрмысы төмен адамдар саны 2001 жылы көп тіркелген. Сонда халықтың шамамен 50 пайызға жуығы ең төменгі күнкөріс деңгейінен де нашар жағдайда өмір сүріпті. Ал одан кейін кедейлік деңгейі былтырғы коронавирус дағдарысының салдарынан өсіп отыр. Мысалы, 2020 жылдың екінші тоқсанында ең төменгі күнкөріс деңгейі ел бойынша жан басына шаққанда орта есеппен 32,6 мың теңге болды. Сол сәттегі Үкімет отырысында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов пандемия кезінде жұмыссыздар саны 8 есе өскенін алға тартқан болатын. Оның айтуынша, 1 ақпанда 26,9 жұмыссыз тіркелсе, 1 тамызға қарай жұмыссыздар қатарына тағы 219 мың адам қосылған.

Енді Finprom.kz сарапшыларының талдауына сүйенсек, 2020 жылдың төртінші тоқсанында табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардың саны бір жылда 12 пайызға өскен. Содан бері әлі күнге дейін аймақтық көрсеткіште кірісі ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен үй шаруашылығының 19,9 пайызы Түркістан облысына тиесілі болып тұр. Онда кедейлік шегінен төмен өмір сүретін халықтың ең көп үлесі (10,3 пайыз) тіркелген. Одан кейін аутсайдерлердің алғашқы үштігі Алматы (табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен 15,5 мың үй) және Шығыс Қазақстан облысы (11,6 мың үй) кірді. Ол үйлерде 5 немесе одан да көп адам тұрады.

Бұл ретте бір ескерер жайт, біздің Үкімет пен халықаралық институттар кедейшілік көрсеткішін өлшеуіне қарамастан, Дүниежүзілік банк Қазақстанды табысы төмен емес, орташа елдерге жатқызады. Ал ондай елде күніне 5,50 доллардан төмен табыс табатын халық кедей болып есептеледі

керек. Олай есептесек, бізде шамамен 8,6 пайыз халықтың күндік табысы 5,50 доллардан төмен болып шығады. Демек, Дүниежүзілік банктің бұл мәліметі ел ішіндегі ресми статистикамен салыстырғанда 2 есе артық болып тұр.

Сондай-ақ халықаралық қаржы институттары айлығының 10-20 пайыз қаржысын тамаққа жұмсайтын елдер «дамыған елдер» категориясына кіреді деп есептесе, Қазақстан ол категорияға да жатпайды. Өйткені бүгінде халық тапқан табысының тең жартысын, көбіне тұтастай тамақ алуға жұмсайды. Ал биыл азық-түлік бағасының еселеп артуы ол көрсеткішті арттыра түскен. Орта есеппен әрбір қазақстандық ай сайын 96,7 мың теңгені тек азық-түлік алуға жұмсайтын болып шықты. Бұл ретте темекі, ішімдік, кант, кондитерлік өнімдер мен тәттілерге жұмсайтын шығындардың азайғанын ескерсек, соның өзі-ақ елдегі әлеуметтік жағдайдың нашарлағанын көрсетеді.

Биылғы жазда Үкімет бағаны тұрақтандыру бойынша бірнеше басқосу ұйымдастырып, ол үшін 50 миллиард теңге бөлетінін мәлім-



дел. Бірақ ол әрекеттері нарықтағы бағаға елеулі өзгеріс жасай алмады. Керісінше, картоп, сәбіз, жұмыртқа, ет тапшылығы байқалып, олардың бағасы аспандап кетті. Сонымен қатар жанармайдың қымбаттауы да қарапайым бұқараның қалтасын одан сайын қаға түсті. Енді, міне еліміздің қуаңшылыққа ұрынған онтүстік және батыс аймағындағы шөп тапшылығынан

Ресейде 116 мың теңгеге шығады. Ал Германия сияқты елдерде тұтынушы себетіне аққайнар (ішімдік), үйде ит болса, оны күтушілердің шығындарына дейін қосылатын көрінеді.

Сарапшылар сынға алды

Еске сала кетсек, 2013 жылы Қазақстанда ЖІӨ 13 мың долларға жеткен. Сол сәтте біз дамыған 50

елдің қатарына кірдік. Әлемдік стандарттарға сәйкес, БҰҰ-ның өзара келісілген ережесімен бай елдер кедей елдерге қолғабыс көрсетулері тиіс болғандықтан, оған біз де міндеттелдік. Содан бастап Ауғанстан елінен оқушыларды тегін оқытуға алдық. Қырғыз Республикасына инвестиция құмыз деп келістік. Бірақ одан кейін өзіміздің жағдай нашарлап кетті. Атап айтқанда, 2016 жылдан бері біздің ЖІӨ 7 мың долларға дейін құлдырады. Содан бері ештеңе өскенімен, әлі 10 мың долларға жетпей тұр. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан әлі де кедей ел деп танылуы керек екен.

Тағы бір таңғаларлығы, біз дамушы елдерге 1991 жылдан бері белсенді көмек көрсетіп келеді екенбіз. Осы 30 жылдың ішінде көмек көлемі шамамен 500 миллиард доллар болған. Ал ол еліміз — өзіміздің үшінші елдерден алған көмек деңгейінен әлдеқайда төмен көрсеткіш. Сол себепті қоғам белсенділері мен сарапшылар Үкіметтің ол «жанашырлығын» өткір сынға алды. Айтуларына, карантин жағдайында кедейленген халық пен бизнеске жәрдем берудің орнына үшінші елдерге көмек көрсетуі орынсыз.

Экономика сарапшысы Мақсат Халық: «Өз басым елдің әлеуметтік жағдайын дұрыстамай, өзге елдерге көмектесуді қол-

дамаймын. Біздің статистикамыз қате. Нақты қарайтын болсақ, елімізде 2 миллион адам жұмыссыз жүр, 130 мың кедей отбасы бар. Ең төменгі күнкөріс шегі де дұрыс есептелмеген. Ол 32 мың теңге шамасында деп есептеліп отыр. Алайда адам мың теңгеге бір күн өмір сүре ала ма?» — дейді. Оның айтуынша, Тағамтану академиясы бекіткен «тұтынушылық себетте» әр адам 1 мың теңгеге 3 мезгіл тамақтана алады деп көрсетілген. Шын мәнінде, ол ақшаға бір түстік асты ерең алып ішеміз. «Қазір Қазақстан әлемге жақсы болып көріну үшін жалған статистика жасап отыр. Осы орайда Ұлттық экономика министрлігі қарамағындағы Статистика комитетін жеке агенттік ретінде бөліп шы-

ТАҚЫРЫПКА ТҰЗДЫҚ:

Statista.com мәліметтері бойынша, коронавирус пандемиясына қарамастан әлем бойынша өте бай адамдардың да саны артқан. Таза байлығы 30 миллиард доллардан жоғары адамдардың саны соңғы 12 айда 2,4 пайызға өсіп, 520 мыңнан астам адамды құрап отыр. 2025 жылға қарай олардың қатары тағы 27 пайызға артуы мүмкін екен. Бір қызығы, кедейі көп Қазақстан биыл сол бай адамдар санының өсуі бойынша алғашқы 10 елдің қатарына кірген. Оған елде өршіп тұрған сыбайлас жемқорлықтың ықпалы болды демесең шар а жоқ.



Түтінге тұншыққан Теміртау



Теміртау – еліміздегі түтінге тұншыққан нөмірі бірінші қала. Бұл «статусты» олар бірнеше жыл қатарынан бермей келеді. Алпауыт компания «АрселорМиттал Теміртау» тұрғанда, бұл атақтан айырылмас-ау. Өйткені қаншама рет айтылса да, нәтиже берер емес.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

СӨЗІНДЕ ПӘТУА ЖОҚ ПА?

Сөзіміздің әлкіссасын газдан бастайық. Оған себеп, өткен жылдың тамызында «АрселорМиттал Теміртау» АҚ бас директоры Биджу Наир коронавирус пандемиясы экологиялық бағдарламаның орындалуына кері әсер етті деп ақталған болатын. Сол уақытта ол: «Қазір Қазақстанға шетелден техникалық сарапшыларды әкелу қиын. Дегенмен бұл мәселені ең заманауи технологияларды қолдану арқылы қашықтан шешеміз.

Экологиялық жобаларды жүзеге асыра беру үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз. Бүгінде агломерация өндірісіне ең үлкен сүзгіні орнату жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Жобаның 75%-ы жалғасын тапты. Сондай-ақ, ауаға қалдықтарды шығаруды азайту үшін табиғи газды көбірек пайдаланғмыз келеді» деп сендірді Биджу Наир.

Кейін осы жылдың басында өткен жиналыста компания басшылығы табиғи газ туралы сөз болмағандай, өз айтқандарынан айнып қалды. «Біз газ келгенімен, толықтай көгілдір отынға көшпейміз. Онда бәрібір көмір жағылады.

Олай болса, бірден ауа тазару қалмайды. 30 пайыз болса да, ауаға тарайтын түтінді азайтуға тырысамыз. Бұл туралы бұрын сөз болған жоқ» деп ақталғаны сөздерінде пәтуа жоғының бір көрінісіндей болғаны айқын.

ЛАСТАНҒАН АУА АУРУЛАРДЫ АРТТЫРДЫ

Қалта тұрғындары «Металлургия комбинатының мұржаларынан будақтап шыққан түтін қалаға жайылуынан дем алуымыздың өзі мұңға айналды» деп дабыл қаққалы қашан?.. Көк түтінге тұншыққан 179 мың халқы бар елді мекенде ресми деректер бойынша 3 мың адам онкологиялық кеселге шалдыққан. Бұл туралы «АрселорМиттал Теміртау» компаниясымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою рәсімі кезінде депутаттар да айтқан еді. Экология,

геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев бүкіл елдегі экологиялық жағдайды жақсарту үшін Жол картасы әзірленіп жатқанын мәлім етті. «Жол картасында жақын болашақта қабилдануға тиісті негізгі шаралар көрсетіледі. Экологиялық проблемасы бар қалалардағы қоғам белсенділерін осы мәселені талқылауға шақырамыз. Осындай Жол картасын Қарағанды облысы мен Теміртау үшін де дайындауды жоспарлап отырмыз. Бұл өңірдің ауасындағы зиянды заттардың концентрациясы мөлшерден тыс екені бөріне белгілі. «Арселор Миттал Теміртау» компаниясы ауаға жылына 250 мың тоннаға жуық қалдық шығарады. Эмиссияларды 3-4 жыл ішінде 30%-ға азайту жөнінде өткен жылы меморандумға қол қойған едік. Компания өндірісті қайта жабдықтауға, газ отынына көшуіне және басқа да нысандарға қаржы салуға дайын. Қарағанды мен Теміртау арасына 500 мың ағаш отырғызылады» деп айтып өтті ол.

ЕҢ КӨП ЛАСТАУШЫ – АГЛОМЕРАЦИЯ ЦЕХЫ

Көмір жағатын жылу электр орталығы (ЖЭО) ауаны ластаушылардың бірі. Сол себепті ЖЭО газ отынын пайдалануға көшпек. Мағзұм Мырзағалиевтің мәліметінше, қоршаған ортаны ластаушыға қазірдің өзінде 3 млрд теңге айыппұл салынып, сотқа берілген. «Теміртау қаласының ең үлкен ластаушысы — «АрселорМиттал» зауыттары. Соның ішінде ауаны ең көп ластайтын — агломерация цехы. Біздің есебімізше, ластауы — 57%. Алайда компания өкілдері мұнымен келіспей отыр. Қазір агломерация цехында шаң тоқтататын электрлі сүзгі орнатылып жатыр. Айтуларына, қолданылатын 2022 жылға дейін толықтай орнатылады. Бұл да қоршаған ортаға оң әсерін тигізбек»

деген министр ластану көлемін анықтау алда тұрған үлкен міндет екенін айтты. Жана Экологиялық кодекске сүйенсе, елімізде Еуропадағыдай жасыл экономика қалыптаспақ. «Жана Экологиялық кодекске енгізілген нормаларға сәйкес, біз де 10-15 жыл ішінде Еу-

ЖОСПАРДАН ТЫС ТЕКСЕРІС

Осы жылдың наурыз айында ластаушы заттарды жаппай шығару фактісі бойынша «АрселорМиттал Теміртау» АҚ конверторлық цехына жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Оған себеп ақпан

Ал Қарағанды облысы бойынша Экология департаменті атмосфераға ластаушы заттар шығарудың рұқсат етілген нормасынан елеулі деңгейде асып кеткені тіркелгенін анықтаған. Тексеру барысында «Арселор Миттал Теміртау» АҚ кәсіпорнымен бөлінетін газдарды ұстау және тазарту жүйесін пайдалану қағидалары бұзылғанын анықтады.

ропадағыдай «жасыл» бола аламыз. Егер компаниялар «жасыл» технологияларды енгізбесе, эмиссия үшін айыппұлдар 2,4,8 есе өседі. Ал «жасыл» технологияларды енгізген компанияларды мемлекет эмиссия төлемдерінен босатады» деп түсіндірді ол.

Жыл басында Теміртау сапары барысында Мағзұм Мырзағалиев қала жұртшылығымен және экологиялық белсенділермен де кездесті. Экология министрінің сөзіне, бұл мәселені қала тұрғындары мен қоғам белсенділері әрдайым қадағалап, бақылауында ұстауға тиіс. Ол үшін тұрақты түрде тоқсан сайын кездесулер ұйымдастырылатын болады. Сонымен қатар Қарағанды облысында жақында «жасыл кеңес» деген кеңес құрылған.

ТҮЙІН:

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ цехының қызметін тоқтата тұру бүкіл өндірісті тоқтатп қалуына әкелетінін атап өту маңызды, өйткені кәсіпорын қандай да бір цехсыз жұмыс істей алмайды. Олай болса, кәсіпорынның вице-президенті Виджай Гоялдың «Алдағы төрт жылда шығарындылар көлемін кем дегенде 30 пайызға азайтамыз, оларды автоматтандыруды қамтамасыз етеміз. Үш жыл ішінде Теміртау қаласында 500 мың ағаш отырғызуға уәде береміз» деген сөзіне сенгеннен басқа амалымыз жоқ. Көп күттік қой, азы қалғанда шыдармыз...

Қарағанды облысы

Қош, қазақ киносының корифейі!

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, режиссер Сатыбалды Нарымбетов 75 жасында өмірден өтті. Ол қазақ кино өнерінде өзіндік қолтаңбасы бар, суреткерлік шеберлігін ұдайы шыңдап отыратын шын дарындардың бірі еді. Кино мен әдебиетте өзіндік суреткерлік әлемін қалыптастырды. Ол соңында тамаша туындылар қалдырды.

БАҚ-қа берген сұхбатында кинорежиссер: «Сарғайған архив беттерін ашқанда, «Мұстафа Шоқай» және күні кеше тұсауы кесілген «Аманат» фильмдерін түсіргенде осындай күйге түстім... Әлбетте, өзегінді жарып шыққан әр туынды сенің ағаңа ғана емес, ақыл-ой, сезіміне де тың өзгеріс, жана сапа әкеледі... Мен зерттеген Мұстафа Шоқай, Бекмаханов, Бөкейханов, Кенесары — үлкен ориентир, планка... Олардың интеллектуалдық деңгейіне дейін секіріп, қол жеткізу — үлкен арман, стимул. Дүниеге, болмысқа соларша көз салуға өзіндік өзін дайындау... Ойбо-о-ой, бұл енді ашы азап қой... Өкінішке қарай, диттегенін болмыспен қереғар болып жатқанын айтам да, азап деп... Абай атамның «болмасан да ұқсап бағы» бәрімізге қамшы болуы керек» деген екен.

Оның арманы көп еді. Ең үлкені — Кенесары туралы фильм түсіру. Әріптестерінің айтуынша, екі бірдей тарихи фильмді түсіруді ойлап жүрген екен. Тіпті, бірінші сценарий өндіріске де жіберілген. Оның туындылары бір-біріне ұқсамайды, бірін-бірі қайталаған емес. Кинода да, әдебиетте де жана сұрлеу салуға ұмтылды. Таптарын тақырыптарға жоламауға тырысты. Оның бір ғана фильмі «Көзіңнің қарасы» әлемнің талай айтулы кинофестивалінде топ жарды. Франция кино академиясының



Жорж Садуль атындағы сыйлығының лауреаты атанды.

Семейдегі полигон зардабын баяндайтын «Қыз жылаған» фильмі де ерекше еді. Бұл фильмді түсіру режиссерге онай соққан жоқ. Оған себеп болған Болат Атабаев қойған «Мәңгілік бала бейне» спектаклі. «Сценарийді Әкім аға екеуіміз (Тарази) өте белгілі жас драматург Роза Мұқанованың әңгімесі желісі бойынша жазып шықтық. 3 жыл ақша күттік. Толғатып жаттым үйде. Ал оның нәтижесі жөнінде өзінің шығармасына сүйсіне қарайтын режиссердің бірі мен емеспін», — дейді. Нарымбетовтің «Мұстафа Шоқайы» да, «Аманаты» да ерекше көрермен ықыласына бөленді.

«Созақтан шыққан Гамлет», «Балалық шағымның Дон Кихоты», «Ауылдан келген күйеу», «Айғай» фильмдерінің авторы. Көп фильмінің сценарийін өзі жазды. Саналы ғұмырын киноға арнаған жан.

Бір өкініштісі, хан Кенені түсіріп үлгерме алмады. Ұзақ жылдар бойы толғатқан, пісіп-жетілген дүниесі еді. Ажалға қарсы тұрған кім бар дерсің... Өттеген-айы, арманына жете алғанында ғой...

Асанәлі ӘШІМОВ,

Қазақстанның Еңбек Ері:

— Бұл күн қазақ кино өнерінде қайғылы күн деп айтар едім. Заманымыздың заңғар өнерпазы, кино қайраткері Сатыбалдының

дүниеден озғаны қабырғамызға қатты батып отыр. Көз алдымызда інішектердің кетіп жатқаны да жанға батады. Ол өнерге көп дүние әкелген, әлі де әкелетін мүмкіндігі бар азамат еді. Кино әлеміне «Мұстафа Шоқай», «Аманат» секілді жақсы туындылары қосылды. Сатыбалдының өнер мен әдебиетте әрдайым орны жоғары болып қалады. Өзі аккөңіл, адамгершілігі мол, ешкімге зияны жоқ, мінезі жұмсақ, сондай жаны жайсаң, жақсы жігіт еді. Мұндай жігіттердің ерте кеткені қабырғамызды қайыстырады. Айналайын, інім Сатыбалды, қош! Жатқан жерін жайлы болсын!

Смағұл ЕЛУБАЙ, жазушы:

— Кеше таңғы сағат 6-да арамьздан алып режиссер Сатыбалды Нарымбетов өтіп кетті. Аладан әмір дәл бүгін болады деген ой Сатыбалдыда жоқ еді. Өндірісте Кенесары тағдырын қозғайтын «Жанғырық» атты фильмі басталған болатын. Хан Кене тақырыбын толы бұл. «Аманатында» Кенесары рухымен тілдескен еді. Арманы осы тұлғаны экранда толық тірліту еді. «Мұстафа Шоқайды» экранда тірлікпеннен кейін Кенесарыны «тірліту» арманы болатын. «Көзіңнің қарасы» фильмімен Француз киноакадемиясының өрлеу баспалдағына аты алтын әріппен жазылған тұңғыш қазақ режиссері еді Сатыбалды. Өмірде өнерден өзге ойлағаны жоқ қалам мен камераға әулиеді адал хас шебер тұғын. Бұл дүниеден кісіге қиянат жасамай, періштедей пәк өтті. Ана дүниеде Алланың дилдарын көруге жазғай! Иманы жолдас болғай!

Болат ҚАЛЫМБЕТОВ,

режиссер:

— Біз үшін бұл — қаралы күн. Қазақ киносының үлкен дарынды, талантты режиссері, кинодраматург Сатыбалды

Нарымбетов ағамыз өмірден озды. Өттең, ерте кетті. Амал жоқ. Бірақ ол кісінің істеген ісі, түсірген фильмдері халықтың, көрерменнің есінде қалады. Фильмдері тарихта қалды. Ең өкініштісі, Сәкен ағаның алға қойған жоспары көп еді. Ол кісінің арманы бар-ды: ол — Кенесары туралы үлкен фильм түсіру. Сол фильмді түсіруге дайын еді. Амал жоқ, арамьздан кетті де қалды. Үлкен суреткер азамат болатын. Жүргенов атындағы Өнер академиясында сабақ берді. Ол кісінің шәкірттері биыл бітіріп шықты. «Балаларым бітірді. Енді қазақ кинодраматургиясына жаңа жас режиссерлер қосылады» деп қуанып жүр еді. Қазақ киносына, оның дамуына үлкен үлес қосқан киногердің бұлай ерте кеткені қабырғамызға қатты батып отыр.

Алланың шапағатына бөленсін!

Ерлан ТӨЛЕУТАЙ,

дәстүрлі әнші, музыка зерттеушісі:

— Кешегі Шәкен аға бастаған ұлы киногерлердің көзінде болып ортамызда жүруші еліміз. Аяулы ағамыз, қысылғанда кенес сұрар ақылшымыз едіміз. Арамьзда қалқайып жүргенімізді ес көруші едік. «Қазақфильмде» «мұртымыз көкке шаншылып» кенес құрған күндеріміз келмесе кеткені ме?! Енді кімді тәлімгер тұтамыз, ағатайым-ау?! Арманыңыз көп еді. Сансыз кедергілер қолыңыз бен жолыңызды қабат байлап, ойға алған фильмдеріңізді түсіре алмай жүргеніңізге қынжылушы едіміз. Кенесарыны түсіремін деп 8 жыл сергелден кешкеніңіз көз алдымда. Ақыры бұл арманыңызға жетпедіңіз, жеткізбеді... Көз жасым тыйылар емес. Қош, Сатыбалды аға! Қош, қазақ киносының корифейі!

Дайындаған

Гүлзина БЕКТАС



Кадрлар барлығын шешеді

Білікті кадрлардың жетіспеушілігі — Қазақстанның аграрлық секторындағы күрделі мәселелердің бірі. Ауылшаруашылық бағытындағы жоғары және орта арнаулы оқу орындарында қазіргі заманғы ауыл шаруашылығының шындықтары мен талаптарына сәйкес келетін қызметкерлерді даярлаудың жаңартылған теориялық және практикалық негіздері әлі жоқ.

«Бүгінде тар профильді маман болу жеткіліксіз: инженер, механик, оператор, агроном немесе мал дәрігері. Компанияның кез келген қызметкері жан-жақты болуға ұмтылуы керек. Сандық ауылшаруашылығы өзіндік шарттарды белгілейді. Ауылшаруашылық маманының техниканы білуі, агрономияны түсінуі, экономикалық білімі болуы, IT маманы, маркетинг, психолог, ауылшаруашылық инновациялары бойынша сарапшы, сату менеджері және менеджер болуы керек. Өкінішке қарай, біздің университеттерде қазір ауылшаруашылық талаптарына сай келетін білікті мамандарды дайындайтын бағдарлама жоқ. Сондықтан осы салада жұмыс істейтін адамдарды оқытуға қаражат бөлу өте маңызды. Яғни, бүкіл команда үшін жүйелі түрде тренинг өткізу керек», — дейді Eurasia Group Kazakhstan Кадрлар департаментінің директоры Ольга Айткенова.

Eurasia Group AG — бұл швейцариялық инвестор және Джон Дирдің Қазақстан Республикасындағы ұлттық дилері, 20 жылдан астам уақыттан бері ол жана жұмыс орындарын ашып, өз кадрларын даярлауға және дамытуға қаржы бөліп келеді.

Eurasia Group AG өз қызметі жылдарында өз компаниясының мамандарын және компанияның ауылшаруашылық серіктестерінің техникалық мамандары мен механизаторларын жалдау, оқыту және одан әрі өсіру мен дамыту жүйесін әзірледі.

Қазір қызметкерлердің саны 400-ден астам адамды құрайды. Олардың барлығы дерлік өз саласында бірегей заманауи мамандар. Компания үшін клиенттер мен серіктестердің жоғары талаптары мен сапа стандарттары алдыңғы орында тұр.

Компания қызметкерлерінің 70%-дан астамы жоғары білімді, 40%-ы шет тілдерін біледі, 30%-ы SAP және басқа халықаралық жүйелерде жұмыс істейді.

Компанияда еліміздің бірде-бір ЖОО-да оқытылмайтын мамандықтары бар: бұл — қызмет көрсету бөлімінің өнім мамандары, сату менеджерлері, цифрлық технологиялар менеджерлері.

Қызметкерлердің жалақысы салалық орташа деңгейден жоғары, жайлы еңбек шарттары, зейнетақы жарналары, міндетті медициналық сақтандыру, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы, мұқтаж қызметкерлерге несие беру

және қолдау бағдарламалары ойластырылған. Швейцария кеңсесінде адал қызметкерлер үшін құрылған арнайы зейнетақы қоры, сондай-ақ үздіксіз оқуға, кәсіби және мансаптық деңгейде өсуге, әлемнің кез келген елінде үздік фабрикалар мен кәсіпорындарда біліктілігін арттыруға негізделген сыйлықтар мен марапаттар бар.

«Компанияда жана қызметкерлерді бейімдеу, тәлімгерлік және көшбасшылық құзыреттіліктерді дамыту, топ құру әрекеттері бойынша бағдарламалар бар. Жыл сайын персоналға, мамандандырылған жабдыкқа, смартфондарға, планшеттерге, машиналарға, құралдарға, бағдарламалық жасақтамаға инвестициялар 10 миллион АҚШ долларынан асады», — деп атап өтті Ольга Айткенова.

Бірақ қорытындылай келе, бұл — компанияның жеке бизнесін және оның қызметкерлерін дамытуға ғана емес, саланы дамытуға, клиенттерге қызмет көрсету деңгейін жақсартуға, кәсіби кестерге, қолдауға, фермерлерге қызмет көрсету



ту және инновацияны ілгерілетуге, ауылшаруашылық өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыруға, ауылшаруашылық өндірісінің кірістілігі мен өзін-өзі ақтауға арналған инвестиция.

Анықтама үшін. 2002 жылдан бастап компания Қазақстанда ашылған сәттен неміс және швейцариялық инвесторлар тобы тікелей инвестицияларға шамамен 65 миллион доллар инвестиция құйды, Қазақстанда 14 өкілдік ашты, құны 15 миллион доллардан асатын 14 қойма және 6 мамандандырылған шеберхана ашылды.

23 шілдеде Eurasia Group AG 10 гектар аумақта орналасқан ауданы 13 000 м² болатын ТМД-дағы ең ірі John Deere дилерлік орталығын ашады, бұл тек қосалқы бөлшектермен үздіксіз жабдықтауды, күрделі жөнлеу мен қалпына келтіруді қамтамасыз етпейді. Сонымен қатар пайдаланылған жабдык фермерлер үшін де, ауыл шаруашылығы саласындағы жас мамандар үшін де жана технологияларды оқытатын ірі орталыққа айналды.

Серік ӘЛІМЖАНОВ,

Нұр-Сұлтан қаласы

Бүгінде Жамбыл облысы аумағында 144 ашық жатқан трансформатор бар. Оның маңайында ойнап жүріп, от басқан бала да, тоққа түскен ересек те аз емес. Жұрт билсе де, оған жауапты адамдар қайда қарап отыр?

Ашық трансформаторлар – ажал ошағы, қоршалмай жатпақ қашанғы?



Саятхан САТЫЛҒАН

— Ата-ана болғандықтан, балаларымыз үшін алаңдайтынмыз анық.

Себебі ашық жатқан трансформатор кез келген тірі жан иесіне қауіпті. Қанша айтсақ та, ойын баласы ұмытып кетеді. Кейде тал түсте, кейде кешқұрым балалар сол маңайдан қорғасын іздеп, болмаса өрмелеп ойнап, өріп жүреді. Қайбір жылдары ауылдың ер-азаматтары сым қоршаумен қоршап тастаған болатын. Кейін ол да ашылып қалды. Негізінде, мұндай трансформаторлар ашық жатпауы тиіс емес пе? Оқыс жағдай болса, оған кім жауап береді? Адам шығыны болса, мың жерден жауап берсе де үзілген өмірді жалғай алмайды ғой. Жергілікті әкімдіктерге де бұл мәселені қанша айтқан болатынбыз. Айтылған сөз сол жерде қалып кетеді. Кейбіреулері «Балаларыңызға ескертіп отырыңыздар» деп өзімізге ақыл айтады. Олардың ақыл-көнесі болмаса да, күнделікті айтып отырамыз. Онымен мәселе шешілмейді. Соны қоршау үшін миллиондаған қаржы кетпейді. Қанша болса да ол адам өмірінен қымбат емес. Мектеп оқушыларының барлығы күн сайын трансформатордың маңайынан өтеді. Барлығы бір-бір үйдің еркесі, үміті, сенімі. Кейде ішіне мал кіріп кетеді. Оны айдап шығамын деп талай жаза басып қала жаздаған адамдар, оның ішінде жасөспірімдер де жоқ емес. Сондықтан мәселеге жауаптылар осындай трансформаторлардың қауіпсіздігін ескерсе екен дейміз. Әйтпегенде, ашықтан-ашық жатқан ажал апанына көз жұма қарауға болмайды. Оның

арты жақсылыққа апармайды. Әлде адамның ажалын күтіп отыр ма? — дейді Сарысу ауданының тұрғыны Кенжегүл Рысалиева.

Ал мамандардың айтуынша, ашық жатқан жоғары кернеулі трансформаторлар жәні 10 мың вольт тоқты таратады екен. Ойлап қарасаныз, мұндай электр қуаты кеудесінде жаны бар кез келген тіршілік иесін қас пен көздің арасында күлге айналдырып жібереді.

— Ауыл теміржолдың бойында орналасқандықтан, мұнда ашық жатқан электр сымдары, ашық трансформаторлар жиі кездеседі. Былайша айтқанда, ол бізге жааналық емес десек те болады. Ауыл арасында тоққа түсіп мерт болған жандардың да қарасы аз емес. Бұл бұрыннан келе жатқан мәселе. Мұндағы электр желілерінің көбі Кеңес өкіметінен бері келе жатқан ескі, кейбіреулері істен шыққан. Десек те, оның адам өміріне қауіпсіз екені белгісіз. Ауыл балаларының басын көпшілігі шойын жолдың бойында ойнайды. Оның үстіне қазіргідей жазғы демалыс кезінде ата-аналар жұмыста жүргенде, балалар үйде отырмайды. Теміржолдың маңында арнайы күзетші мамандар бөгде адамдарды қауіпті аймаққа кіргізбейді. Десек те, ол бала өмірі үшін алаңдамауға болады деген сөз емес. Бұл мәселеге электр жүйесімен қамтамасыз етіп отырған мекемелер жауапты ма, теміржолдағылар жауапты ма, нақтысын білмейміз. Ауыл халқының дені теміржолдан нәпақасын айырып отырғандықтан, оған көп мән бере бермеуі мүмкін. Бірақ мәселені жоққа шығара алмаймыз. Кейбір трансформаторлар қоршалған болса да қулып салынбаған. Егер есігі

жабылмаса, оның қоршауынан не пайда? Әлде тек оқыс жағдай орын алғанда ғана ойлануымыз қажет пе? Қалай дегенмен, жоғары кернеулі ашық жатқан трансформаторлар жаңа да, малға да қауіпті. Ол тиісінше қоршалуы керек, — дейді Луговой стансасының тұрғыны Берік Мұнайтапасов.

Расында, мұндай мәселе облыс аумағындағы бір емес, бірнеше ауданда бар. Қаншама жерлесіміз жазым болғаны да жасырын емес. Бұл ретте облыс әкімдігінің Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы мамандарының да пікірін білдік. Олардың айтуынша, аймақтағы әрбір трансформатор иесіз емес екен. Яғни, оған жауаптылар бар деген сөз. Ал оның қоршауына байланысты мәселе аталмыш басқармаға қарамайтын көрінеді. Олар тек ашық жатқан трансформаторларды анықтап, «Жамбыл электр жүйелері» мекемесіне жолдайды екен. Десек те, аталмыш мекеме өкілдерімен байланысу бүгінгідей ашықтықты талап етіп отырған қоғамда қиынның қиыны екені таңдандырады. Олардың жауабын тындамақ түгіл, тілдесудің өзі мұң болды. Қалай дегенмен, қазір бұл мәселе тек облыс басшысы Бердібек Машбекұлының тікелей назарында тұрғаны көңіл жұбатады. Әйтпегенде, жауаптан жалтары жауапкершіліктен алыстатпайтыны айдап анық. Себебі ашық-ашық жатқан әр трансформатордың артында адам тағдыры бар. Сондықтан мәселеге жауаптылар бұл келісіздікті қазірген қолға алмаса, ертен кеш болып кетпесіне кім кепіл?..

Жамбыл облысы

Тегін оқудың құны жоқ па?

Қазақ қоғамында жастар әлі күнге дейін заңгер, экономика мамандықтарын таңдаудан танбай келеді. Мысалы, ауыл шаруашылығы саласының мамандықтары бойынша гранттар саны артылып қалып жатыр. Ал оған талапкерлер «мың салса, бір баспайды». Сол себепті бұл салаға бөлінген гранттарды қайта қайтаруға мәжбүрміз.

Жадыра МҮСІЛІМ

Екі жыл бұрын елдегі жоғары оқу орындарына 54 мыңға жуық грант берілсе, оның 4 мыңға жуығы игерілмей қалған. Бұдан бөлек, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға қосымша тағы 5 мың грант бөлінген. Былтыр да 131 мыңнан астам үміткер мемлекет бөлген 54 мың білім гранты үшін таласқа түссе, 9 мың талапкер тегін білім алудан қағылыпты.

Биыл Білім және ғылым министрі уәде еткендей, білім беру грантының саны 5 мыңға артты. Биылғы оқу жылында бакалавриатқа түсу үшін 56 мыңнан, магистратураға түсу үшін 13 мыңнан, докторантураға 1 800-ден астам грант бөлінді.

Мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру басқармасының басшысы Жанна Есенбаеваның айтуынша, тегін оқу Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері мен жұмыс берушілердің сұранысына ие мамандықтар туралы ақпараттына сәйкес жасалады. Екіншіден, мемлекеттік білім беру тапсырысы Үкімет қаулысымен бекітіледі. Кейінгі жылдары «Серпін» бағдарламасында байқалған білім беру грантының игерілмеуі карантинмен байланысты. Өйткені онтүстіктен солтүстік өңірлерге студенттерді шақыруда қиындық болған. Басқарма басшысы бағдарламада қарастырылған гранттар толығымен орындалатынын, кейбір мамандық бойынша үйлестірілмей қалған тегін грант басқа білім беру бағыттарына берілетінін айтты.

БІЛІМ ГРАНТЫ 5 МЫҢҒА АРТТЫ

Жоғары білімнің қолжетімділігін арттыру үшін 2025 жылға дейін грант санын тағы 50%-ға көбейту көзделген. Жөн-ақ. Бірақ қалғандарды даярлауға арналған гранттар қажетті бағыттарға бөлінгенімен, талапкерлерді тегін грантқа сүйреу жағы кемшін түсіп жатқанын жасыру қиын. Оның үстіне, мемлекет ұсынған тегін мамандықты тәмамдаған жас маманға қолдау дипломын қажетті салаға арнап, қызығын көру неғайбіл. Өйткені көп грант бөлінетін ІТ саласының мамандары мен журналистика бойынша жоғары білім алғандарының өзі екі қолға бір күрек таппай, жұмыссыздардың қатарын толықтыруға мәжбүр.

Министрліктегілер ұлттық бірінғай тестілеуден шекті 50 ұпай жинаған үміткердің де тегін оқуға түсуге мүмкіндігі мол екенін айтады. Ол үшін гранттан қағылатын түлектердің таңдауы дұрыс болуы тиіс. Ал сала мамандары тегін оқуға мүмкіндік берген министрлік талапкерлерге таңдау жасайтын жүйе қажет екенін алға тартады. Сондықтан Білім және ғылым министрлігі бөлінетін грант санын оқу жылының соңында емес, басында шығару керек. Айтуынша, оқу грантын бөлу мәселесі әлі күнге дұрыс шешім таппай келеді. Соның салдарынан қалып қойған орындарды қайтадан үлестіргеннің өзінде грант өз иесін таба алмайды. Өйткені талапкерлердің таңдауын өзгертуге мүмкіндігі жоқ. Яғни, бір ғана таңдау жасай алатын талапкердің белгілеген оқу орнына грант мүлдем бөлінбеуі мүмкін. Екіншіден, уақыты мен шарттарын нақты көрсету секілді үлестіруге қатысты талаптар заңда анық жазылмаған.

Сондай-ақ еліміздегі еңбек ресурсы басым аймақ жастарын жұмыс күші аз аймаққа тартуға негізделген «Серпін» бағ-

мәселесі таңдауға тіреледі. Мысалы, мектеп бітірушілер әр мамандыққа бару үшін ҰБТ-да арнаулы бағыт бойынша таңдау жасайды. Байқауымыша, қазір жұрттың көбі физика-математика, химия мен биологияны таңдайды. Әрине, оған салыстырмалы түрде грант көп. Химия мен биологияны таңдағандар педагогика немесе медицинаға барады. Ал жаңағы асып қалатын гранттар — өсімдік шаруашылығы, агрономия, ветеринарияға жастар барғысы келмейді. Таңдау жасамаған соң бөлінген қаражат игерілмей қалады. Жұртты зорлап ол мамандықтарға жібере алмайсың. Оған грант бөлмесе тағы болмайды. Сондықтан елдегі университеттер ең алдымен түсіндіру жұмыстарын жаксылап жүргізуі керек. Мысалы, талапкерлер арасында университет қабырғасында қандай мамандықтар бар, қанша грант бөлінетінін түсіндіру қажет. Қазір қоғамда жұрттың білетін 2-3 мамандығы бар. Педагогика, медицина, ІТ саласы, экономист немесе заңгер», — дейді Аятжан Ахметжанұлы.

Сондай-ақ еліміздегі еңбек ресурсы басым аймақ жастарын жұмыс күші аз аймаққа тартуға негізделген «Серпін» бағдарламасы бойынша да былтыр 3 мың грант игерілмей қалды. Мемлекет ұсынған осындай мүмкіндікті пайдалануға жастардың құлықсыздық танытуына қандай себеп барын бірнеше талапкерден сұрап білдік.

дарламасы бойынша да былтыр 3 мың грант игерілмей қалды. Мемлекет ұсынған осындай мүмкіндікті пайдалануға жастардың құлықсыздық танытуына қандай себеп барын бірнеше талапкерден сұрап білдік. Айтуынша, көбі қызметтік мансапта өсу мен өз құқығын білу үшін заңгерлік пен экономиканы таңдаса, соңғы жылдары айлығы көтеріліп жатқан дәрігер мен мұғалім болуды армандайтындардың да қатары көбейіпті. Үлестірілмей қалатын мамандықтарға барғысы келмеудің себебін жастар айлықтың аздығы мен еңбектің еленбеуі, табыс көзін таба алмай қалудан көреді.

ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСЫ ТҰРАЛАП ТҰР

Қоғам белсендісі әрі республикалық QAZBILIM орталығының директоры Аятжан Ахметжанұлы сананы түзетпей, білім гранттарын бөледі бір қалыпқа түсіру қиынға соғатынын айтады. «Білім беру грантының толық игерілмей қалу

Бұдан кейін қанымызға сіңіп қалған ескі түсініктен арылып, «Үкімет өлтірмейді» деген сөз тіркесін мүлдем жойған жөн. Осылай деген қоғам белсендісі қандай мамандық болсын сол салада жоба-жоспарынды жасап, жан бағамын деген көзқараспен барған дұрыс екенін айтады. «Ауыл шаруашылығы саласын оқыған адам Үкіметтің жалақысынан бөлек, мал шаруашылығы немесе егін шаруашылығымен шұғылданғаны дұрыс. Таныспен ғана өсу түсінігінен арылмаса, жоғары жалақы жай арман. Өйткені қазір әкімнің баласы — әкім, әншінің баласы — әнші. Ал танысты күтіп, өзіннің қалаған мамандығынан бас тарту қисынсыз. Сол үшін адамдардың өзін-өзі асырау қабілетін оятуға жұмыс істелуі керек. Мысалы, ІТ саласын төрт жыл бакалаврда, екі жыл магистратурада оқып, жұмыссыз жүрген қаншама жұртты білемін. Өз мамандығы бойынша белгілі бір білім деңгейі жоқ. Керісінше, бір ай ол салада оқымаған,



ГРАНТТАР

бірақ білімі жоғары жобаларды жасауға қабілетті мамандарды танымын. Сондықтан мамандықтың жақсысына жүгіру адамның өзі үшін уақытын текке өлтірумен бірдей. Айталық, журналистика саласында оқып алып, бір сараптамалық материал жазуға қабілетін жетпесе, одан не қайыр? Қазір екінің бірі экономист пен заңгер. Бірақ өз саласының жілігін шағатын заңгер мен экономист таппайсың. Кейде ата-аналар баласына өз қалауымен емес, ертен жұмыс табуға көмектесе алатын мүмкіндіктерді ескеріп, мамандық таңдалады. Мамандық бізде дипломмен өлшеніп кетті. Грант мәселесін түбегейлі шешу үшін ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүру көзқарасынан арылудан бастайық. Мысалы, биылғы грант тағы кешігіп шықты. Жаңағы айтқан ІТ саласына өте көп грант бөлінген. Өз мамандығы бойынша ары қарай ізденуге құлықсыздық танытқандар тұрғанда ол мамандықты таңдағандардың ертеніне күмәнмен қараймын» деп сөзін түйіндеді Аятжан Ахметжанұлы.

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БИЗНЕСКЕ АЙНАЛМАУЫ КЕРЕК

Білім беру тапсырысында мемлекеттік жоспарлау жүйесі жетілмегенін жеткізген MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY басқарма төрағасы Талғат Нәрікбаев түйсікті өзгертіп, түлектерді шақырып алғанымен мәселе шешілмейтінін айтады. «Әлемде мамандарға деген бұл сұраныс терең экономикалық анализге, салалардың дамуына, өңірлердегі көрсеткіштер кешенінің динамикасына, көсіптердің өзгеруін талдауға негізделеді. Өкінішке қарай, бізде мұндай зерттеу жүргізуге қажетті ресурстар жоқ. Мемлекеттік білім беру тапсырысын жоспарлау үстірт деректер бойынша жүзеге асырылады. Ресми статистиканың сапасы да нашар әрі шындыққа жанаспайды. Тағы бір себеп, болашақ түлекті белгілі бір салаға тарту үшін оған оқуға грант беру жеткіліксіз. Дәл осы кәсіптен табыс пен мансап өкелеетінін нақты түсінуі керек. Мемлекет ондай жағдай ұсына алмайды. Сондықтан

көптеген бағыт бойынша гранттар игерілмей қалады. Өйткені осы мамандықтар бойынша еңбек нарығы құрылмаған немесе дамымаған. Мемлекеттік білім беру тапсырысын жоспарлау барысында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі аналитикалық ресурстарға басымдық беруі керек. Қай мамандық сұранысқа ие болатынын болжаудың неғұрлым күрделі моделін қолдану қажет. Студенттер тарапының ғана емес, жұмыс берушілердің де сұранысы ескерілуі шарт», — дейді басқарма төрағасы.

Сонымен бірге ол мемлекет жыл сайын мыңдаған грант бөлетін ІТ секілді сала университеттің біліміне тәуелді емес. Өйткені бұл сала жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына қарағанда әлдеқайда тез дамып келеді екен. «Мәселен, елімізде алемschool жұмыс істейді. Онда оқытушылар офлайнда сабақ өткізбейді, диплом да берілмейді. Жоғары білім бизнеске айналмауы керек. Студент жоғары білім үшін ақша төлемей тиіс. Университет негізінен халқына, еліне қызмет етуі шарт. Университет — коммерциялық емес, әлеумет алдындағы жауапкершілігі бар ұйым. Студенттердің білімі мен тәжірибесін олардың ақшасының есебінен дамыту мүмкін емес. Сапалы білім беруді ұйымдастыруда аз қаражат жұмсалмайды. Сондықтан білім сапасын арттырғымыз келсе, Испания, Германия немесе Нидерландтағыдай оқытушылардың жалақысын мемлекет тікелей қаржыландыруы керек. Ал университет қаржыландырылған басқа көздерін қарастыруы қажет. Тағы бір айтарым, қазір тест базасын құруға, емтихан тапсыруды ұйымдастыруға көп күш пен қыруар қаражат жұмсалды. ҰБТ-ны алып тастап, ЖОО-лар студенттерді бұрынғыдай емтиханмен басқылдау керек. Емтихан тест түрінде емес, Еуропа, Америкадағыдай белгілі бір тапсырмалар арқылы, баланың қабілетін, белсенділігін анықтау бойынша өткізілгені жөн. Қазір түлектер тест сұрақтарын жаттап жүр. Негізі, мектептерде балаларды тапсырмалардың жауабын жаттауға емес, шешімін табуға үйрету керек», — дейді Талғат Нәрікбаев.

Шымкент – қарқынды дамып келе жатқан үшінші мегаполис

Осыдан үш жыл бұрын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Шымкентке республикалық қала мәртебесі берілген болатын. Бұл тарихи шешім Шымкенттің тынысын ашты десек, қателеспеспіз. Бұл туралы қала әкімі М. Әйтенов елордадағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингке айтып өтті.

Назғұл НАЗАРБЕК

10 ЖЫЛДА САЛЫНЫП ЖҮРГЕН ЖОЛ ҮШ ЖЫЛДА-АҚ ЕҢСЕРІЛДІ

Үш жылдың ішінде қала бюджеті 131,2 млрд теңгеден биыл 481,6 млрд теңгеге жетіп отыр, яғни өсім 3,7 есе. Кәсіпкерлік белсенділік те артқан. Инвестиция көлемі соңғы үш жылда 1,9 есеге өсіп, биыл 214 млрд теңгеден 400 млрд теңгеге жету жоспарланды. «Осыдан 3 жыл бұрын өнеркәсіп өнімінің көлемі 425 млрд теңге болса, жыл соңында 710 млрд теңге болады деп күтілуде. Дербес қала мәртебесін алған жылы 403 мың шаршы метр тұрғын үй берілген болса, биыл оның санын 1 миллионға жеткізу жоспарланған. Нәтижесінде, салық базасы өсіп, жергілікті бюджетке түсімдер 57 млрд теңгеден 150 млрд теңгеге жетті. Жалпы, ұшжылдық инвестиция 1,2 трлн теңгеден асты» деп атап өтті Мұрат Дүйсенбекулы.

Бұдан бөлек, қала басшысы Шымкенттегі экономикалық өсім инфрақұрылымға қарқын бергенін атап өтті. Соңғы үш жылда, биылды қосып есептесек, 853,5 шақырым жол төселетіні, бұрын дәл мұндай көлемдегі жол 10 жылда салынғанын еске салды. Үш жылда, биылды қосып есептескенде, 18 тұрғын алабы ауызсуға қосылып, 60 мың адам сапалы ауызсумен қамтылмақ. Сонымен қатар осы уақыт аралығында 7 тұрғын алабы табиғи газға қосылып, 29 500 адам көгілдір отынның қызығын көріп отыр. Жалпы, 2023 жылға дейін тұрғындар 100 пайыз сапалы ауызсу мен табиғи газға, 2025 жылға дейін 100 пайыз сапалы электр қуатына қосылады деп күтіліп отыр.

«Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында Шымкент қаласына ерекше қамқорлық көрсетіп келе жатқан Елбасының қала дамуындағы орасан рөлін Шым-



шаһар тұрғындары айрықша бағалайтынын атап өткім келеді. Мемлекет басшысы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында өңірлерді дамыту бойынша нақты тапсырмалар берді. Өздеріңізге мәлім, Шымкент қаласы да өзге өңірлер сияқты пандемия жағдайында тіршілік етіп жатыр. Жыл басынан бүгінге дейін 71 117 адам коронавирус инфекциясын жұқтырып, 6 782 адам емделіп шықты. Өкінішке қарай, 154 адамның өмірін сақтап қала алмадық. Бүгінде 1 компонентпен 291 074 адамға, 2 компонентпен 175 775 адамға вакцина егілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының тікелей тапсырмасымен және қолдауымен медицина ұйымдарының материалдық-техникалық базасын біршама нығайтып алдық. Бұл мақсатқа осы екі жылда 13,1 млрд теңге қарастырылды. 14 157 медицина қызметкері оқытылды. Барлық мүдделі органдардың бірлескен жұмысының арқасында биыл пандемияны оңай еңсеріп отырмыз» деп атап өтті брифинг барысында қала әкімі.

Қаланың негізгі экономикалық көрсеткішінде де өсім қарқын алып келеді. Жалпы, 2021 жылдың қаңтар-мамыр айларында өнеркәсіп өнімінің көлемі 295 млрд теңгеден құрап, 2020 жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда 10,1 пайызға артқан. Өнеркәсіптің қала экономикасының негізін құраушы сала екені белгілі. Осы бағыттағы Шымкент қаласының жалпы өңірлік өнімдегі үлесі 24,6 пайыз болып отыр. Мемлекет басшысы Жол-

дауда өңдеу өнеркәсібін алдағы 5 жылда кем дегенде 1,5 есеге өсіруді тапсырған болатын. Үшінші мегаполисте осы мақсатта бірнеше бастама қолға алынып отыр.

АГРО-ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҒЫ ҚҰРЫЛЫП ЖАТЫР

Өңдеу өнеркәсібін дамыту бағытында қолға алынған жұмыстың бірі — «Жұлдыз» индустриалды аймағы. Қазір мұнда инфрақұрылымды қалыптастыру жұмыстары басталып кеткен. 306 гектар жер аймақта құрылыс, металлургия, фармацевтика, жиһаз өнеркәсібі дамытын болады. «Бүгінде 200 млрд теңгеге 5 мыңнан астам жұмыс ашылатын 50 инвестициялық жобаны іске асыру көзделген. Одан бөлек, жеке индустриалды аймақтарды ашу бойынша да жұмыстар жүріп жатыр. Шымкенттің 3 индустриалды аймағында алғашқы бес айда 1,8 млрд теңгеге 274 жұмыс орнымен 4 жоба жүзеге асырылды. Жыл соңына дейін инвестиция көлемі 38,1 млрд теңгеге болатын 13 жоба іске қосылады. Жалпы, 754 жұмыс орны ашылады деп күтіп отырмыз», — деді жиын барысында Мұрат Дүйсенбекулы.

Сонымен бірге Жолдаудағы басым бағыттардың бірі жергілікті жерде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен өздерін қамтуды үйлестіру болатын. Шымкент қаласында осы бағытта 2 бірдей агро-индустриалды аймағы құрылып жатыр. Бірі — заманауи өнеркәсіптік жылыжай кешені болса, екіншісі — «Бозарық» тамақ өнеркәсібі индустриалды аймағы.

Қазір екі агроөндіріс аймағының да жобалау-сметалық құжаттары дайындалып жатыр. Құжаттама сараптамадан шыққан соң құрылыс жұмысы басталады. Жалпы, Шымкентте агроөнімдерді өңдеуге басымдық берілген. Мәселен, осы жылы ауыл шаруашылығында жалпы құны 24 млрд теңгені құрайтын 32 инвестициялық жоба іске асырылып жатыр. Есепті кезеңде 12,8 млрд теңгенің ауылшаруашылық өнімі өндіріліп, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 1,2 пайызға артқан. Салаға бағытталған экспорт көлемі 39 млн АҚШ долларын құрап, өткен жылдың тиісті кезеңінен 10 пайызға артты.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ ҮЛЕСІ 34 ПАЙЫЗ

Алдағы 5 жылда Президент елдегі шағын және орта бизнестің жалпы өнім үлесін 2025 жылға қарай 35 пайызға көбейтуді тапсырғаны белгілі. Қазір Шымкентте жалпы өңірлік өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі 34 пайызды құрайды. Бұл бағытта 69 мыңнан астам кәсіпкерлік субъектісінде 163 мыңнан астам адам жұмыс істейді. 2025 жылға дейін шағын және орта бизнес санын 100 мыңға, шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар санын 190 мың адамға, жалпы өңірлік өнімдегі үлесін 40 пайызға дейін жеткізу жоспарланып отыр екен. Ол үшін биыл «Бизнестің Жол картасы 2025» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламалары аясында бөлінетін қаржыны 2 есеге ұлғайтып, бюджеттен 6,9 млрд теңге бағытталып отыр. 2025 жылға қарай бағдарлама шеңберінде бөлінетін қаражат көлемін 25 млрд теңгеге дейін ұлғайту жоспарланған.

Биыл «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында 55 жобаға 816,1 млн теңге бөлінген. Сонымен қатар шағын және орта бизнеске екінші деңгейлі банктер тарапынан 17,8 млрд теңгеге несиелестірілген. Қалада кәсіпкерлерге оңтайлы жағдай жасау үшін «Кәсіпкерлерге арналған Үкімет» фронт-офисі жұмыс істейді. Жыл басынан бері фронт-офистің көмегіне 2 325 кәсіпкер жүгінген.

Сонымен қатар үшінші мегаполисте ауыз толтырып айтар жағымды жайттың бірі — инвестиция тартудан алда келеді.

Оңтайлы мемлекеттік саясаттың арқасында инвестиция қарқын алған. Жыл басынан бергі 5 айда қала экономикасына 96,9 млрд теңге инвестиция тартылып, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 23,7 пайызға артқан. Президенттің инвесторлар пулын жасақтау тапсырмасы бойынша, құны 2,5 трлн теңгені құрайтын 261 инвестициялық жобаның базасы әзірленіп, оның ішінде биыл 171,6 млрд теңгеге 2 500 жаңа жұмыс орнымен 68 жобаны іске асырылу жоспарланып отыр екен.

Күнгейдің құрылыс саласында да қарқын бар. Баспана мәселесі — басты назарда. Мемлекет басшысы тарапынан бұл салаға үлкен жауапкершілік жүктелген. Баспананың азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатымен тікелей байланысты екені де белгілі. Биыл шымкенттіктер бір миллион шаршы метр тұрғын үй салуды міндеттеп отыр. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,5 есеге жуық артық. Қазір қалада жеке салушылар есебінен 8 639 пәтерлі 178 көпқабатты тұрғын үй, бюджет тарапынан 5 912 пәтерлі 97 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізіліп жатыр. Құрылыс жұмыстары алғашқы 5 айда 28 млрд теңгені құрады.

Жол құрылысының қызу екенін айтып, Биыл мегаполисте жол құрылысын ерекше атап өтуге болады. Қазір 295,3 шақырым жолда құрылыс және жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Оның ішінде 92,2 шақырым магистральді, 203,1 шақырым ішкі орамдық көшелер бар. Көлік кептелістерін болдырмау мақсатында 4 ірі жолайрықтың құрылысы жоспарланып, биыл екеуінің құрылысы басталды. 1 жолайрық жыл соңына дейін пайдалануға берілетін болады. Нәтижесінде, жақсы және қанағаттанарлық жолдардың үлесі жыл соңына дейін 63,6 пайызға жетпек. Жолашушыларға ыңғайлы жағдай жасау үшін былтыр 590 жаңа автобус сатып алынып, оның 300-і қолға шыққан. Жыл соңына дейін 290 жаңа автобус қосылып, қоғамдық көлік 80 пайызға жаңарды деп жоспарланып отыр. Жаңадан келіп жатқан автобустар газбен жүреді, жолашушылар үшін жағдай жасалған, кондиционері де бар. Одан бөлек, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін де қолайлы. Сонымен қатар Жолдауда Мемлекет басшысы елімізде қойма және көлік инфрақұрылымын дамытуды тапсырған болатын. Шымкентте 92 гектар жерге сауда-логистикалық аймағы құрылған. Одан бөлек, қазір тағы да 3 логистикалық жобаның құрылысы жүргізіліп жатыр.

Шымкент қаласы

Ақтау қаласында ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында және елорда күніне орай жаңа тұрғын үй кешенінің 227 пәтері пайдалануға берілді. 33 шағынауданда орналасқан 670 пәтерден тұратын «Аққу-3» тұрғын үй кешенінің алғашқы бөлігі өткен айда тұрғындарға табысталды. 7, 9 және 12 қабаттан тұратын үйлер «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында бой көтерген.

Ақтаулықтар қоныс тойын тойлады



Тұрғын үй кешенінде орналасқан жана пәтерлерге түрлі санат бойынша Ақтау қаласы әкімдігінде кезекте тұрып, «Отбасы» банкі арқылы байқаудан іріктелген тұрғындар ие болды. Салтанатты шараға қатысқан Ақтау қаласының әкімі Нұрәулет Қылыбай баспаналы болған тұрғындарды жана қонысымен құттықтады. «Мемлекет қолдауының нәтижесінде баспаналы болып, қоныс тойын тойлайтындар саны артып келеді. Өткен аптада Ақтауда 216 отбасы жана пәтерге кіріп, қуанышқа кенелген еді. Міне, бүгін елорда күні қарсаңында тағы бір топ тұрғынға пәтер кілтін табыстадық. Мерекемен қатар келген қоныс тойларыңыз құтты болсын. Шаңырақтарыңыз шаттыққа толы болып, береке-бірлігіміз арта берсін», — деді қала әкімі.

Нұрәулет Қылыбайдың айтуынша, елімізде қолжетімді баспана мәселесін шешуе айрықша көңіл бөлінуде. Биыл облыс орталығында 86 мың шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланған. Бұл үйлерді Мемлекет басшысының

тапсырмасымен әзірленген бағдарламаға сәйкес «Отбасы» банкі арқылы алуға мүмкіндік беріледі. Баспаналы болған азаматтар мемлекеттің қолдауына алғыс айтып, жылы лебіздерін білдірді. Қуанышты күнге жиналғандар жас отбасы Мейрам Сапарбаевтың шаңырағынан дәм татып, пәтер ішін аралап көрді. «Бүгін біздің отбасымыз үшін қуанышты күн. Мемлекеттің қолжетімді бағдарламасы арқасында үш бөлмелі пәтерге ие болдық. Мемлекеттің жас отбасылар үшін жасаған осындай қолдауы үшін рақмет», — дейді қала тұрғыны.

Қазір үш бөліктен тұратын тұрғын үй кешенінің қалған бөлігін аяқтау жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Осылайша, мемлекет қолдауының нәтижесінде баспаналы болып, қоныс тойын тойлайтындар саны артып келеді. Манғыстау облысы соңғы үш жылда тұрғын үй құрылысы бойынша республикада үздік үштік қатарынан көрініп келеді.

Мәдина ЖӘЛЕЛҚЫЗЫ,
Манғыстау облысы

Құбылған баға, қордаланған қарыз

Бұрын Қызылорда облысындағы мұнай өндіруші компаниялар тереңнен алынып жатқан «қара алтынмен» бірге шығатын ілеспе газды ауаға жағып келгені белгілі. Бертін келе ілеспе газ қалаға жетіп, тұрғындар ілеспе газдың игілігін көре бастады. Дегенмен бүгінде сол көгілдір отынның құнына қатысты түйткілді мәселенің түйіні әлі тарқатылмай келеді.

Қазір коммуналдық қызметтің, оның ішінде жарық, жылу, газдың бағасы күннен-күнге шарықтап барады. Соның ішінде көгілдір отын өзімізден өндірілсе де, құны қол жеткізбес бағаға жетті.

Бір кездері Құмкөл мұнай кенішіндегі далаға жанып жатқан ілеспе газды өңдеп, Қызылорда қаласының тұрғындарына табиғи газ жеткізіп беріп қана қоймай, жарық пен жылу арзандаған еді. Кейін Бозай-Шымкент газ тасымалдау магистралі іске қосылды да, «Қаз-ТрансГаз Аймақ» АҚ жергілікті жерде өндірілген газға республикалық бағаны қойып, қымбаттатып жіберген. Яғни, газды таратушы «Қаз-ТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы 1 000 текше метр газға қосымша күн салығымен 20 903 теңге 93 тиын деп шекті баға қойды. Бұл — қымбат және негізсіз баға.

СОТ ШЕШІМІН «ПЫСҚЫРМАДЫ»

Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті 2019 жылғы 11 қыркүйектегі №44-НҚ бұйрығымен тауарлық газды таратуға тасымалдау қызметінің тарифін бүкіл қосымшаларымен 34,6%-ға төмендетіп бекітті. Осы бұйрыққа сәйкес, газды бөлшек саудада өткізу 1 000 текше метрге қосымша күн салығымен 20 902,93 теңге орнына 17 351,52 теңге болды. Бұл 17%-ға төмендетілді деген сөз.

Ал «Қаз-ТрансГаз Аймақ» бұл бұйрықты орындай қойған жоқ. Олар тіпті сотқа арыз-данды. Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық соты 2020 жылғы 6 ақпанда №44-НҚ бұйрықтың күшін жою жөніндегі талап-арызды қанағаттандырмады. Осы жылғы 4 маусымда өткен Қызылорда облыстық сотының сот алқасы өзінің қаулысымен алдыңғы сот шешімін күшінде қалдырды.

Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасы 2020 жылғы 5 қазандағы қаулысымен ауданаралық соттың актілерін қайта қарау жөніндегі өтінішті қараудан бас тартты. Демек, әділеттілік жемді, сот жүйесі туралыққа, халықтың пайдасына шешім шығарған.

Осылай деп ашынған қызылордалықтар газ тарифін реттеуді талап етіп отыр. Бұған



қатысты Ұлттық экономика министрлігінің баспасөз қызметі «Қаз-ТрансГаз Аймақ» АҚ-ның Қызылордадағы бөлімшесі тарифтік смета шығындары бабын бұзғаны және бекітілген тарифті қолданбағаны үшін тұтынушыларға 1,5 миллиард теңгеден аса қаражатты қайтаруға міндеттелгенін хабарлады.

— 2020 жыл бойынша тарифтік сметаның орындалуына жүргізілген талдау шеңберінде, Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті «Қаз-ТрансГаз Аймақ» АҚ-ның Қызылордадағы бөлімшесінде тарифтік смета шығындары бабын бұзу және бекітілген тарифті қолданбау дерегі анықталды. Нәтижесінде, «Қаз-ТрансГаз Аймақ» АҚ биыл 1 тамыздан бастап тауарлық газды газ таратушы жүйелері арқылы тасымалдау қызметіне ҚҚС-сіз 1 000 текше метрге 3 320,45 теңге мөлшерінде немесе бекітілген тарифке қарағанда 44,1 пайызға төмендетіліп, 1 жылға уақытша өтемдік тариф енгізу жолымен тұтынушыларға 1 548 508 389 теңге зәлал сомасын қайтарады, — делінген министрліктің мәлімдемесінде.

БАҒА ТАҒЫ ҚҰБЫЛДЫ

Қызылорда облыстық өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жоламанов осы жылдың 1 шілдесінен бастап тауарлық газдың көтерме саудаға бағасы 15 пайызға өскенін айтты. Оның сөзіне, енді Қызылорда облысы бойынша ҚҚС-ті есепке алмағанда, 1 000 текше метр үшін 8 358 теңгені құрады. Бұған дейін 7 268 теңге болатын. Ал Сырдария ауданы Теренөзек кентіндегі газбен жабылған

нысандарын пайдаланушы мекеме «Қызылорда газ тарату жүйесі» кәсіпорнына тауарлық газдың шекті бағасы 5 шілдеден бастап ҚҚС-ті есепке алмағанда, 1 000 текше метр үшін 16 953 теңге, яғни ҚҚС есептегенде 18 987 теңге деңгейінде бекітілді.

Айта кетейік, Қызылорда облысы тұрғындарының табиғи газға қосылу үлесі 67%-ды құрап отыр. Таяуда Қызылорда облысы әкімінің қатысуымен екі аудан орталығы Жосалы мен Жалағаш кентіне газ берілді. Осы жылғы ақпан айында Теренөзек кенті газға қосылды. Жалпы, 3 аудан орталығында іске асырылған жобаларға 8 млрд теңгеден астам қаржы жұмсалып, 420 шақырымнан астам газ құбырлары салынды. 8 мыңнан астам тұрғын үйге дейін газ құбырлары тартылды. Өткен жылы бюджет есебінен Арал ауданындағы Жақсықылыш кентіне, Қазалы ауданындағы Ғани Мұратбаев және Шиелі ауданындағы Байсын ауылдарына табиғи газ берілген болатын. Жалпы, өңірде көгілдір отынға қол жеткізген тұрғындардың қатары жыл санап артып келеді. Шалғай ауылдарға дейін газ құбыры тартылып, табиғи газ игілігін ел көріп жатыр. Бұған халықтың айтар алғысы бөлек. Алайда көпшілік қауым құбылған бағаға тоқтам керек деп отыр.

Мұнан бөлек, Қызылордада автокөлікке қажетті сұйытылған газ бағасы да шарықтап кетті. Таяуда ғана бір мезетте 20 теңгеге көтерілген баға табиғи газ өндіріп отырған аймақ тұрғындарының қалтасын жұғартып. Мәселен, бұған дейін көлік қаржыушілері газды 60-65 теңгеден құйып келсе, бүгінде газ құны 80 теңгеден асты. Соның өзінде барлық бекеттерден газ табу қиын.

Н.ҚАЗБЕК,
Қызылорда облысы

Жалғызбасты әкелердің тағдыры ешкімді толғандырмай ма?

Жалғызбасты әке. Құлаққа түрпідей тиетін осы тіркес «жалғызбасты ана» деген сөзге қарағанда тым сирек қолданылғанымен, балаларын жалғыз тәрбиелеп отырған әкелер — бүгінгі қоғамның шындығы. Тағдырдың төлкегіне ұшыраған олар өз міндеттерін қалай атқарып отыр? Мемлекет тарапынан қандай көмек көрсетіледі? Қандай санатқа жатқызылған? Жеңілдіктер бар ма?

Осы сұрақтарға жауап іздеу үшін бірқатар мекемелерге сұрау жолдауға тура келді. Мұндайда ең алдымен статистикалық мәліметтер қызықтырады. Алайда бірден белгілі болғандай, жалғызбасты әкелердің статистикасы мүлдем жүргізілмейді екен. Солтүстік Қазақстан облыстық Статистика департаментінің баспасөз хатшысы Әлия Серікқызының айтуынша, тек ажырасулар санының ғана есебі жүргізіледі, жалғызбасты әкелердің саны жоқ.

Облыстық Жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар, Білім басқармаларында да жалғызбасты әкелердің тізімі жоқ болып шықты. «Біз де толық емес отбасы деген санат қана бар. Оның қайсысында тек анасы, қайсысында тек әкесі барын біз білмейміз», — деді бұл мекемедегілер.

Жалғызбасты әке деген санат мүлдем ескерілмейтіні осыдан-ақ белгілі болды. Ешбір заңда «жалғызбасты әке» деген ұғым жоқ. Ендеше оларға ешқандай жеңілдік те жоқ. Петропавл қалалық әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің атаулы әлеуметтік көмек секторы менгерушісінің міндетін атқарушы Серікжан Исенов түсіндіргеніндей, біріншіден, баспанасыз жалғызбасты әкелер толық емес отбасы ретінде жергілікті атқарушы органның үй кезегіне тура алады. Екіншіден, отбасыларға 44 мыңнан 100 мың теңгеге дейін жәрдемақы төленеді. Үшіншіден, айлық табысы кедейлік шегінен аз болса, атаулы әлеуметтік көмек көрсетіледі. Төртіншіден, баласы жарымжан болса, мүгедекті



күткені үшін төленетін жәрдемақы бар. «Бірақ бұл — тек жалғызбасты әкелерге ғана емес, осындай санаттарға енгізілген адамдардың барлығына төленетін төлемдер. Жалғызбасты әке деген жеке санат та, оларға ғана арналған жеңілдік те жоқ» деп түсіндірді маман. Ал балаларын жалғыз тәрбиелеп отырған әкелердің мұң-зары жетерлік.

ҮЙДІН ДЕ, ТҮЗДІН ДЕ ЖҰМЫСЫ — ӨЗ МОЙНЫНДА

Қызылжар ауданына қарасты Якорь ауылында тұратын Бауыржан Дербисов 2012 жылдан бері жалғыздықтың керемек дәмін татып келеді. Асырауында — екі бала. Әйелі бәрін тәрк етіп, Нұр-Сұлтан қаласына кетіп қалғалы хабар-ошар жоқ. 4 және 6 жасында анадан қалған тірі жетім үл мен қыз қазір 13-15-ке келді. Қызы биыл медициналық колледжде оқуға түспекші. Оларды «тістелеп жүріп» өсіру оңай болмағанын айтады. Бастапқыда тіпті бастарында баспана да болмапты. Кейін туысқаны бір үй сатып әперген екен. Соның ақшасын бірнеше жыл бойы бөліп төлеп, жуырда ғана қарызынан құтылған. Балаларын асыраймын деп

басын тауға да, тасқа да ұрған ер адам: «Пластикалық терезе орнатуға жалдан-дым. Ол маусымдық жұмыс. Жазда нәпа-қамызды тапқаныммен, қыс бойы қинал-дық. Одан соң күзетке орналастым. Оның да жалқысы жетпеді. Кейін шаштараздың оқуын оқып, ауылдастарыма қызмет көрсетуге кірістім. Бірақ одан да қайыр болмаған соң, пластикалық терезе орнатуға қайтып оралдым», — дейді Бауыржан. Жұмысы маусымдық болған-дықтан, былтыр қыста атаулы әлеуметтік көмек рәсімдеген. Сондай-ақ балалары-ның анасынан алимент талап етуге мәжбүр болыпты. Бірақ сот шешімі шыққалы 4 жыл өтсе де, көкек анадан бір тиын түспеген. «Онымен қайта қосылу туралы сөз болуы мүмкін емес. Ол — бізге мүлдем жат адам», — дейді жалғызбасты әке. «Үйдің де, түздің де шаруа-сыз әкесі. Үйдің де, түздің де шаруа-сыз әкесі өзін атқардым. Үй де жи-надым, тамақ та пісірдім, кір де жудым. Қызымның шашы ұзын, оны сәндеп өруді де менгеріп алдым. Соның бәрі қал-ды қолымнан келді екен деп қазір таң-ғаламын. Балалармен кейде әпкем оты-ратын. Ресейде тұратын ата-анам келіп тұрушы еді, қазір әлемді жайлаған індетке

байланысты келуді доғарды. Қызым үй шаруасына тым ерте араласты. 10 жастан асар-аспастан нан пісіруді үйренді», — дейді ол. Ауылды жерде тұрғандықтан, Бауыржан жеміс-көкөніс өсіреді. Өсірген қияр, қызанақ, сабізінен қыс мезгіліне түрлі салат жабу да қолынан келеді. «Қолы-нан келмейтін жұмыс жоқ. Дегенмен балаларыма әйел-ананың жылуы жетіс-пейтіндіктен, үйленгім келеді. Бірақ қыз-келіншектер ауылда тұруға құлықсыз, әрі бөтен балаларды тәрбиелегісі жоқ», — дейді жасы 40-қа келген жігіт ағасы.

Петропавл қаласында тұратын Тимур Жумбаевтың тағдыры өзгеше. 8 жыл бұрын оның әйелі лейкемиядан қайтыс болған. 1 және 3 жасар екі баламен жалғыз қалғанда аспан аударылып жерге түскендей, жер көтеріліп аспанға шық-қандай күйде қалған Тимур Болатұлы бәйтеректей бекемдік таныта білді. «Анам болмаса, есім ауып кетер ме еді, қайтер еді? Әсіресе, бастапқы 4 жыл ішінде қат-ты қиын болды. Одан соң пәтер кезегіне тұруға болатынын естіп, кезекке жазыл-дым. Әзірге ай сайын 35 мың теңгеге пәтер жалдап тұрамыз. Дианам 4, Артем 3-сыныпты тәмамдады. Екеуі де оқу озағаттары. Мектеп қайырымдылық көмек көрсетіп тұрады. Былтыр карантин кезінде «Nur Otan» партиясы 50 мың теңге-нің қаржылай көмегін көрсеткеніне ри-замыз. Асыраушысынан айырлғанға-на байланысты балаларға 45 500 теңге тө-ленді. Бірақ бір кем дүние, ақша жетпейді. Карантин кезінде мектептен берілген планшет жуырда істен шығып қалды. Оны жөндеуге 20 мың теңге керек болып тұр. Балалар екі ауысымда оқығандықтан, оларды мектепке тасымалдаумен, тамақ-тандырумен жүріп, өзін осы күнге дейін жұмыс істей алмадым. Қазір еңбек бир-жасы маған лайықты жұмыс іздегіріп жатыр. Бұған дейін супермаркетте қас-сир болып жұмыс істегенмін. Балаларым еш-кімнен кем болмасын, ішін, жесін, киін-сін деп кез келген жұмысқа баруға дайын-мын», — дейді үл мен қыздың анасы да, әкесі де Тимур Болатұлы.

Тимур секілді баспанасыз, жұмыссыз жүрген жалғызбасты әкелер жетерлік.

Көбі ешкіммен араласпай, томаға-тұйық күй кешуде. Бізбен әңгімелесуден бас тартқандары бар. Ол түсінікті де: ескі жа-раның бетін тырнағысы келмейді. Жұмыс істейтін әкелер баспанасы жоғын айтса, жұмыстан шығарып тастай ма деп қорқа-тынын жасырмады.

АНА ЖЫЛУЫ ЖЕТІСПЕЙДІ

Петропавлдық психолог Дина Байма-қишева тағдырдың бұл тауқыметі жалғыз-басты аналарға қарағанда әкелерге әлде-қайда ауыр соғатынын айтады.

«Ер адам үй шаруасын да, өз жұмысын да істеуге мәжбүр. Ежелден түздің адамы саналатын еркек кіндіктің бұл оңай емес. Үй шаруасын менгерумен қатар, уақытын ұтымды пайдалануды үйренуі керек. Сондықтан олар балаға тиісінше көңіл бөле алмайды. Өзім жұмыс істейтін гума-нитарлық-техникалық колледжде әкесі ғана тәрбиелеп отырған балалар жетерлік. Байқағаным, олардың барлығы да ана жылуын іздейді. Біреуі маған бауыр басып қалғаны соншалық, үзіліс сайын кабинет-ті келіп тұрады. Басқалары да солай: әйел оқытушылармен әңгімелескісі көпті тұрады. Олардың әкелері шетінен еңбек-қор, балаларын ешкімнен кем қылмауға тырысады. Жасы тәрбие бере білген, дегенмен ананың мейіріміне бөлеу, әттен, олардың қолынан келмейді. Ана бола алмайды», — дейді психолог Дина Қапиз-қызы.

Жалғызбасты ер адамдар бастарын біріктіріп, түрлі түйткілдерді бірлесіп ше-шуге септесетін, мәселе көтеретін, өз қиындықтарына қоғам назарын аударта-тын бір қоғам керек екенін айтады. Бәрі де балалардың кішкентай кезінде талай қиындыққа төтеп беруге тура келгенін айтып, ағынан ақтарылды. Ерадамдардың басым бөлігі өздерінен жәрдем сұрауға арланады. Көпшілігі өздеріне тиесілі көмектен де бейхабар, ал сұрап білуге намыстанып жібермейді. Оның үстіне ішкі қиындықтар. Сондықтан оларға жангерлік, психологиялық, моральдық, материалдық көмек көрсететін кризистік орталық, әкелер мектебі сияқты бір ұйым керек-ақ. Ал өзінде жалғыздықты серік еткен адамзаттың күшті бөлігіне өз қазанында өзі қайнап, қалай да болса ұрпағына лайықты тәрбие беруге тырысып бағудан басқа амал жоқ...

Роза ШӘКЕН,
Солтүстік Қазақстан облысы



Жетісудағы жаңа жем зауыты

Биыл ауыл шаруашылығы арқасында нәпақа тауып отырғандарға, оның ішінде мал өсірушілерге өте қиын болып тұр. Қыста қардың аз болуы, көктем мен жазда жауын-шашынның сиреуі елдің бірқатар өңірін құрғақшылық жайлап, мал шығынына ұшыратты. Сонымен бірге астық пен мал азығының шығымдылығына да кері әсерін тигізіп, шаруалар алдағы күз бен қысты алаңдай күтіп отыр.

Осы орайда күні кеше Алматы облысында етті және сүтті бағыттағы ірі қараға, құс пен балыққа арналған 10 түрлі жем дайындайтын зауыт пайдалануға берілгені үміт отын жағатындай. Талғар ауданында орналасқан, төрт түлігі майлы, егістігі сайлы «Байсерке-Агро» ЖШС соңғы жылдары ауыл шаруашылығындағы тың жаңалықтарымен ерекшеленіп келеді. Соған сай өндіріс ауқымы да қанатты кеңге жайып, табысы да тасқындап отыр. Енді, міне осы серіктестік отандық мал азығын дайындайтын зауыт ашты. Нысанның іске қосылу салтанатына облыс әкімі Аманжол Баталов, «Байсерке-Агро» агрохолдингінің президенті Темірхан Досмұхамбетов және осы өңірге жұмыс сапарымен келген бір топ сенатор, ғалымдар мен аграрлық сала мамандары қатысты.

Технологияны сақтау, ғалымдармен бірлесіп жұмыс істеу өте маңызды. Сонда біз мал санын өсіріп қана қоймай, су және басқа да табиғи байлықтардың жетіспеушілігін сезінбестен мол өнім алатын боламыз. Ол үшін бізге ең алдымен ғылыми көзқарас, жоғары білікті мамандар, ауыл шаруашылығы дақылдарының заманауи сапалы сорттары, өнімділігі жоғары мал тұқымы қажет. Біздің болашағымыз — аграрлық салада, сондықтан осы саланы дамыту — аса жауапты да қажетті шара, — деді сенатор Ақылбек Күршібаев жетісулықтарды маңызды көсіпорынның ашылуымен құттықтаған сөзінде.

Болат АБАҒАН,
Алматы облысы

ШҚО-да 20 жастағы қыз суға батып кетті

ШҚО-да суға батып кеткен 20 жастағы қыздың денесін құтқарушылар 20 метр тереңдіктен алып шықты. Бұл туралы облыстық ТЖД баспасөз қызметі хабарлады.



ТЖД өкілдерінің мәліметінше, 7 шілде күні Бесқарағай ауданынан бір топ адам Шүлбі су қоймасына демалуға келген. «Демалушылар суға түсуге рұқсат етілмеген жерде шомылған. Жағадан шамамен 20 метр жүзіп барып, кенет судың қатты ағысынан қыздар суға бата бастаған. Олардың біреуін жігіт судан алып шығады. Ал суға батып бара жатқан екінші қызға сол жерге жақын маңда демалып жатқан адамдар көмекке келген. Бірақ судың тым тереңдігінен оған көмектесе алмаған», — дейді облыстық ТЖД өкілі.

Оқиға орнына келген құтқарушылар 20 жастағы қыздың денесін 20 метр тереңдіктен алып шықты. Төтенше жағдай департаменті азаматтардан суға түсу кезінде жауапкершілік танытуды сұрайды. Олар суда демалу кезінде жүріс-тұрыс ережелерін сақтау, жүзу шекаралары белгіленген жерде шомылу керек екенін қатаң ескертті.

Мейірім БАҚЫТЖАН

Вакцинация паспортын сатқан компания



Алматыда қажылардың Сауд Арабиясына сапарын рәсімдеу кезінде 143 жалған вакцинация паспортын дайындауға көмектескен туристік компания анықталды. Қазір сотқа дейінгі тергеу жүргізіліп жатыр.

Компанияны тінту барысында ұйымдастыру техникасы, мөрлер, бланк табылған. Қазір сот сараптамасы тағайындалған.

М.ҚАЙРАТҚЫЗЫ

Тілсіз жаудың құрбаны көбейді

Бұрыннан от пен суды тілсіз жауға телитініміз бекер емес. Шындығы сол соңғы жылдары өрт құшып, суға кетіп, қаза тапқандар жайлы жиі-жиі еститін болдық. Құтқарушылар жыл сайын қауіпсіздік ережелерін айтып, әбігер болғанымен, тыңдап жатқан құлақ жоқ. Өкінішке қарай, суға түсем деп ажал құшқан азаматтардың саны тоқтаусыз өсіп барады. Неге?



Мадияр
ТӨЛЕУ

ҚАУІПСІЗДІК ҰМЫТ ҚАЛҒАНДАЙ

Судағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жайы тікелей Төтенше жағдайлар министрлігінің негізгі міндеті мен қузырына енеді. Осы мақсатта Полиция департаменті және жергілікті атқарушы органдар бірлесіп жыл сайын түрлі іс-шара атқаратынын білеміз. Әйткенмен, бақылау бола тұрса да, жаз шыға сала суға түсушілер санының артуына байланысты өлім-жітім де көбейеді. Мәселен, әр жылдары суға кеткендердің белгілі бір кезеңдердегі статистикасын салыстырып көрсек. 2019 жылы 1 маусым мен 13 шілде аралығында елімізде 133 адам суға кеткен. Оның 48-і көмелетке толмағандар екен. Әйтеуір,



жағдай Түркістан мен Қызылорда облысында көп тіркелген. Бұдан бөлек, Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметінше, су жағалаулары аумағын тексеру кезінде құтқарушылар мен полиция қызметкерлері 59 адамды (8-і бала) құтқарған. Яғни, құтқарылған адам санынан қаза болғандар көп.

Дегенмен құтқарушыларды да айыпты алмаймыз. Қолдан келгенше үгіт-насихат жүргізіп жатыр. Елімізде суға шомылуға және су маңында демалуға арналған 592 ресми орын бар, оның 111-і — коммунальдық, ал 481-і — жеке жағажай. Суға шомылуға тыйым салынған 2

дарда болу қағидаларын бұзу» Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 440-бабы және 364-бабы «Ортақ су пайдалану қағидаларын бұзу» бойынша 3 мыңнан астам адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Биыл да су айдындарында адамдардың қауіпсіздігі мақсатында азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері алдын алу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Халық арасында 323 мыңнан астам үгіт-насихат (буклеттер, паракшалар) таратылып, жұртшылықпен 2 мыңға жуық жиын өткізілген. Профилактикалық жұмысқа 5 600-ге жуық волонтер де тартылды. Сондай-ақ суға шомылу ережелерін бұзғаны үшін 14 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 1 000-нан астам адамға ескерту жасалған. Осыған қарап Төтенше жағдайлар комитетінің тарапынан тиісті шаралар атқарылмады деп айту қиындау. Және де суға батып бара жатқан жандарды бірінші құтқарып қалатын да осы төтенше жағдайлар қызметінің мүмкін бола қоймас. Не де болса, тілсіз жаудың құрбаны азаймай отыр. Көз жұмғандардың дені рұқсат етілмеген жерде шомылады. Ал олардың ішінде балалардың болуы, расында алаңдатар дүние.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЕЛЕНБЕЙ КЕЛЕДІ

Қайткен күнде де, адамдардың суға кетуінің басты себебі рұқсат етілмеген жерге шомылуынан болып отыр. Су айдындарындағы қауіпсіздік ережесінде «тек жабдықталған жерлерде суға шомылуға болады» делінген. Онда құтқарушылар кезекшілік ететіндіктен,

адамдардың қауіпсіздігі біршама сақталады. Сонымен қатар мас күйде суға шомылу, өз күшін бағаламай, суға батып бара жатқан адамды құтқарамын деп әрекет жасау да жиі тіркелетін фактор. Ал балалардың суға батып кету жағдайы көбіне ата-анасының, жалпы ересек адамдардың қарауынсыз қалдыру салдарынан болады. Яғни, ата-ананың балаға деген жауапсыздығы мен салғырттығы да бар десек, қателеспейміз. Ереже бойынша, балалар тек ересек адамдардың қарауымен суға шомылуы тиіс. Конституцияда көмелет жасына толмаған балалар 18 жасқа толғанша ата-ананың қамқорлығына болатыны нақты жазылғанын білеміз. Дегенмен заңнамада баласы суға кетіп қалған жағдайда ата-анасына мынандай жаза тағайындалады деген нақты норма жоқ. Егер ата-ананың кінәсі тікелей дәлелденсе, құқықтық жауапкершілікке, оның ішінде міндетін орындамағаны туралы әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Отбасындағы баланың қауіпсіздігі әкешесіне екені рас. Осындай қайғылы жайттардың көбеюіне әлеуметтік жағдай да әсер ететін секілді. Күнкөріс қамымен жүрген ата-ана балаларына қарауға мүмкіндігі болмай жататын жайттарды да ескерген жөн тәрізді. Өрттен қаза тапқан балалардың жағдайынан да соны аңғардық.

Баланың да, ересек адамның да суға кетуі соңғы кезде онтуістік өңірлерде артып кеткен. Былтыр да солай еді. Айдың -күннің аманында судан келіп жатқан балалардың өлімі алаңдатады. Тек ойлантып қана қоймай, нақты іс-әрекетке итермелеуі қажет-ақ. Сондықтан бұл мәселеде кінәні тиісті ведомствоға немесе ата-анаға да ысыра алмаймыз. Сайып келгенде, мұның бәрі әр адамның жауапкершілігіне келіп тірелетіндей.

Хабарландыру

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29 мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабы ашық конкурс негізінде:

а) «Университеттің №1, 2 жатақханаларын, кітапхана мен Тұран отбасылық жатақханаларының және ректорат шатырларын жөндеу жұмыстарын» сатып алу.

ә) «Университеттің №1, 2 жатақханаларын, кітапхана мен Тұран отбасылық жатақханаларының және ректорат шатырларын жөндеу жұмыстарына қажетті материалдарды сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын жұмыстың басталу және аяқталу мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап әлеуетті өнім беруші тауарларды 50 күнтізбелік күн ішінде жеткізуі тиіс.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұраймыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын тауарды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;

4. Әлеуетті өнім беруші тауардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың үлгілерін, каталогтерін немесе суреттерін өткізуі тиіс.

5. Әлеуетті өнім беруші ҚКС төлеуші болса сатып алынатын тауарлар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚКС қарастыру керек.

6. Конкурса қатысуға және шарттық кепілдік ретінде конкурса жарияланған жалпы сомасының кем дегенде 5 пайызы (%) мөлшерінде мына есепшотқа аударылуы талап етіледі: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ мекемесі, БСН: 9904440008043, БСК: НСВККЗКХ, ЖСК: KZ436010291000010707, Кбе:16, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ немесе банктік кепілдік берілуіне рұқсат.

7. Сатып алынатын тауарға кепілдік мерзімі 12 ай болуы міндетті.

Сатып алынатын «Университеттің №1, 2 жатақханаларын, кітапхана мен Тұран отбасылық жатақханаларының және ректорат шатырларын жөндеу жұмыстарының» тізімі мен келісімшарт үлгісін <http://au.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 30.07.2021 сағат 15.00

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты: Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинетте қабылданады.



Меншік иесі —
«Айқын-Литер» ЖШС

Бас редактор —
Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Гүлзина БЕКТАС —
шығарушы редактор

Асқар БЕК —
веб-сайт редакторы

Елдар ҚАБА —
секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ —
Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Нұрсұлтан ҚАЗЫБЕКОВ —
Қызылорда облысы
Назгул НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Роза ШӨКЕН —
Солтүстік Қазақстан облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-18, 8 (777) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53
byurukpayeva@litter.kz
reklama@litter.kz

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97
saidinova@litter.kz
bekkozhaeva@litter.kz

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3958
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114